



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ҚОРҒА ҚОЛ САЛА БЕРЕМІЗ БЕ?



Республикалық бюджетке қатысты сұрақ көп. Жылына кем дегенде бір рет нақтыланатын еліміздің басты қаржы құжаты халықтың қажетін толыққанды аша алмай келеді. Бірқатар жағдайларда кері кетушілік бар. Үкіметтің кейбір әрекетін түсіне алмай дал боласың. Шын мәнінде жағдай мүлде сындарлы шешім, нақты да ширақ іс-қимылды қажет ететіндей күрделі болса да, жыл сайын қайталанатын осы үрдіс биыл да бой көрсетті. Расында қаңтар оқиғасы, одан кейін туындаған мәселелер, көршілес елдердегі оқиғалар ықпалы, соған орай Мемлекет басшысы алға қойған міндеттер Үкімет мүшелерін етек-жеңін жинап, тың шешімге, серпінді қадамға жұмылдыруға тиіс еді. Өкінішке қарай, баяғы жартас, сол жартас. Мұны жуырда Парламент Сенатында «ҚР Ұлттық қорынан 2022–2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» және «2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдардың жобаларын талқылау барысында байқадық.

(Соңы 3-бетте)

ҰСЫНЫС

САЛЫҚ ЗИМАНОВ – «ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ» АТАҒЫНА ЛАЙЫҚ

Бүгінгі әңгіме өзегі заманымыздың заңғар ғалымы Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш заңгер академигі, қазақ заңдарының атасы, Ұлы Отан соғысының ардагері Салық ЗИМАНОВ жөнінде болмақ.

Салық ағамыз мына дүниеде бар болмысымен, асыл қасиетімен адамдықтың зиялы үлгісін жасаған қазақ заң ғылымының абызына айналған тұлға. Бір кездері атақты Қаныш Сәтпаевтың өзі: «Салық Зиманов Қазақстан заң ғылымдарының негізін қалушы» деп бағалаған еді. Мағыналы ғұмырының жеті жылын қанды шайқасқа беріп, қатардағы жауынгерден полк командиріне дейін көтерілген Салық Зимановтың соғыс жылдардағы жанқиярлық батырлық пен ерен ерлігі бүгін де дастан. Ол 1941 жылдың қыркүйегінен кеңестік әскер қатарында Оңтүстік және Солтүстік Кавказ, Степной, Воронеж, 2-Украина және 2-Беларусь майдандарында соғысқа қатысты. 1943 жылдың желтоқсанынан соғыстың соңына дейін 5-танк армиясында 8-механикалық корпусқа болды. Төрт рет жараланған ол соғысты Германияда Эльба өзенінде аяқтады. Соғыс аяқталғаннан кейін бір жылдан

соң С.Зиманов артиллериялық полк штабының бастығы болып, әскерден қайтты. Заңгер Ұлы Отан соғысының I дәрежелі орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Кавказды алғаны үшін», Кенисбергті алғаны үшін тағы басқа медальдармен марапатталды. Соғыстың ауыр жылдарында бірнеше күн бойына жаудың ортасында ас-сусыз қалып қарамағындағы жауынгерлердің патриоттық сезімін оятып қоршауды бұзып шыққанын еске алушы еді.

Елге оралған соң ғылыммен айналысып, заң саласынан кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, 31 жасында Қазақстан Ғылым академиясының Құқық және философия институтының директоры болды. Өзі де, жұбайы да Қазақстан Ғылым академиясының академиктері дәрежесіне жетті. Көптеген шәкірт тәрбиеледі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Мемлекет басшысының қасында болып, азаттыққа жана

қол жеткізген Отанымыздың өркендеуіне бағыт-бағдар берді, халыққа шынайы қызмет етті. Білікті заңгер ретінде егемендік, тәуелсіздік жолындағы Қазақстанның халықаралық қатынастарын заңдестіріп, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру, құқықтық-демократиялық реформаларды жүргізу ісіне белсене араласты.

Ол кісінің бір қайраткерлігін айтатын болсақ, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында қазақ жастарына қорған бола білді. Сол жылдардағы Ғылым академиясында Г.Колбиннің қазақ зиялыларымен кездесуінде кейбір азаматтардың Колбинге жағымпаздана желтоқсан оқиғасына қатысушыларды қатаң жазалауын дұрыс деп қолдағанын, оның ішінде біздің атақты ғалымдарымыздың да болғаны әлі-ақ уақыты келгенде толық аталар. Міне сол кездесуде біздің Салық Зиманов ортаға атып шығып, Колбинге қарсы, оның ұлтқа деген саясатының дұрыс еместігін, ұлтқа деген қуғын-сүргінді тоқтату керегін айтқан.

Одан кейін де қоғамдағы әділетсіздікке көз жұмып қарамады.

(Соңы 3-бетте)



МАЛ ҰРЛАП
БАС БОСТАҢДЫҒЫНАН
АЙЫРЫЛАТЫҢДАР КӨП

4-бет



ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН
ЦИФРЛАНДЫРУ –
ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМ

6-бет



Шолпан ӘБИКЕНОВА, Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтының бас директоры:

«ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН
САҚТАУ — БАРШАҒА
ОРТАҚ ТАЛАП»

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мейірман ШЕКЕЕВ, заңгер:

«30 ЖЫЛДА ҮШ
ЗАҢНЫҢ ҒАНА
ҚАЗАҚША
ДАЙЫНДАЛУЫ –
ТРАГЕДИЯ»

– Президент биылғы жолдауында: «Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз, адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге біреудің намысына тиюге жол бермейміз. Заң бойынша жауапқа тартамыз» деді. Сіздіңше өзгелердің көңіліне тимейтіндей, басқалардың құқығына қайшы келмейтіндей етіп мемлекеттік тілді қалай насихаттауға болады?

– Сұрағыңызға үніліп қарайтын болсақ, жауабы соның өзінде тұр. Мемлекеттік тіл ұлтқа бөлінбейді. Біз қазақ тілінің мәртебесін жеке көтеріп жатқан жоқпыз.

(Соңы 5-бетте)

КӨЗҚАРАС

КӘСІБИ МЕРЕКЕНІҢ БЕКІТІЛУІ МЕРЕЙІМІЗДІ ӨСІРДІ

Судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесін белгілеу ұзақ уақыттан бері айтылып, көпшілік талқысына жиі түсіп келе жатқан өзекті мәселенің бірі. Өзекті болатыны, бүгінге дейін халықпен бетпе-бет жұмыс істейтін, елмен етене араласатын кәсіп иелерінің барлығының күнтізбеге белгіленген меншікті мерекесі бар.



Содан болса керек, 24 маусымның Қазақстан судьялары мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде ресми түрде бекітілуі біз үшін көптен күткен үлкен қуаныш болды.

Судья – сот саласының тірегі. Судья қызметінің маңызды қыры – «сөйлейтін заң» ретінде мойындалуында. Шыны керек, бүгінгі күнге дейін отандық сотты нығайту, қазақстандық заңдарды халықаралық талаптарға сәйкес дайындау бағытында іргелі істер атқарылды. Еліміздің бас құжаты – Конституцияның 77-бабында «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз, ол Конституция мен заңға ғана бағынады» деп көрсетіліп, төрелік ететін соттың тәуелсіздігіне толық кепілдік берілді. Сонымен бірге, судьяның қызметіне қандай да болсын араласуға тыйым салынып, сот жұмысына ықпал етуге тырысқандарға заңдық жаза белгіленді. Мұндай пәрменді шара судьялардың қоғамдағы маңызын арттырды. Бұған қоса судьяға құрмет көрсетпегендерге, төрелік алаңындағы тәртіпті бұзатын-

дарға жауаптылықтың көзделуі мемлекет атынан үкім шығаратын саланың биіктігін, беделін көрсетсе керек.

Құқықтық мемлекетте барлық қарым-қатынастың заң арқылы реттелетіні белгілі. Осыған орай тәуелсіздіктің отыз жылғында судьялардың мәртебесін нығайтып, қызметін жетілдіруге барынша мән берілді. 2000 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңы қоғамдағы үшінші биліктің қызметін нақтылаған ең негізгі құжат. Сонымен қатар, соттың мерейін өсіріп, сот жұмысындағы жетістік пен кемшілікті салмақтап, ізденіс пен іркілікті таразылауда Қазақстан Республикасы Судьялар одағы қоғамдық бірлестігінің де көмегі көп. Одақтың мұрындық болуымен 1996 жылдан бері республика судьяларының съезі әр төрт жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Бүгінге дейін өткен сегіз съездің де көтерген жүгі, шешкен мәселелері ауқымды. Одақ тарапынан үздік

судьяларды анықтап, үздік соттарды даралауға қадам жасалды. Судьялар мен сот қызметкерлерінің қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, спорт, өнер, шығармашылыққа байланысты қабілеттерін шыңдауына мүмкіндік берілді. Мұндай сайыстар шын мәнінде жанымызда жүрген әріптестерімізді жаңа қырынан тануға, өнерін өрістетугіне жол ашты.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысын жандандырып, беделін көтеруге байланысты шаралар бір сәт те тоқтамаған. Ал арнайы кәсіби мерекенің белгіленуі сала қызметкерлерінің мерейін үстем етері даусыз. Биыл бірінші рет тойланғалы отырған кәсіби мерекеміз жалғасты болсын!

Рақымжан ҚАРТАБАЕВ,
Жаңаөзен қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының кеңес мейгерушісі

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АПОСТИЛЬ – ТҮПНҰСҚАНЫ РАСТАЙТЫН МӨРТАҢБА

Соттар жыл сайын әртүрлі даулар мен мәселелерге байланысты көптеген шешімдер қабылдайды. Солардың кейбіреулері біздің елден тыс, шет жерлерде де талап етілуі мүмкін. Қандай да сот актісі ресми құжат мәртебесіне ие болу үшін, яғни ол шет мемлекеттерге жолданар алдында міндетті түрде заңдастырылады, апостиль қойылады. Апостиль дегеніміз – құжаттамаға қол қойған адамның қолы және оның өкілеттіктерін, сондай-ақ, осы құжат бекітілген мөрдін немесе мөртанбаның түпнұсқалығын растайтын арнайы мөртанба.

Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» жөніндегі қағидасы осы қызметті көрсету тәртібін айқындайды. Онда, қызмет көрсету процесінің сипаттамалары, нысаны, мазмұны мен нәтижесі, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі қамтылған.

Қағидаға сәйкес, «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» жөніндегі мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті және оның аумақтық органдары көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» арқылы қағаз тасығышта не «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz арқылы электронды түрде, не Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің кеңесі арқылы қағидада берілген нысан бойынша өтініштерін төмендегідей құжаттарымен бірге береді.

Ал, портал арқылы жүгінген кезде: ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініш, апостиль қою үшін ұсынылған құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі), мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі) (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда). Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну, сондай-ақ әрекет ету мерзімі өткен құжаттарды ұсыну өтінішті қабылдаудан бас тартуға негіздер болып табылады.

Ғ.АРТЫҚҚЫЗЫ,
Түркістан облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңес мейгерушісі

ИГІ ІС

ІСТЕРДІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БӨЛУ ТӘРТІБІ

Сот төрелігін жүзеге асырудың және сот жүйесінің ашықтығына қол жеткізудің ең тиімді бағытының бірі – ақпараттық технологияларды қолдану. ҚР соттары 2016 жылдан бастап «Төрелік» АЖ бағдармасымен жұмыс жасауды бастады. «Төрелік» АЖ – де жұмыс жасау барынша жеңілдетілген, автоматтандырылған және қағазбастылықты барынша қысқартуға бағытталған.

ҚР Жоғарғы Соты төрағасының өкімімен бекітілген, ҚР сот органдарының «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесінде істерді автоматты түрде бөлу туралы қағидасы енгізілді. Қазіргі таңда кез келген сатыдағы азаматтық, қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге байланысты кез келген тараптардан келіп түскен талап арыздар өз кезегінде әрбір судьяларға база арқылы автоматты түрде әр санат бойынша бөлінеді. Электронды жүйе арқылы істерді автоматты бөлудің бірден-бір мақсаты – талап арыз берген тараптардың және қылмыстық істердің бөлінуі істі қарау барысында автоматты түрде бөлінген судьяларды білмеуді, соған сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оны жою. Істі өз өндірісіне қабылдаған соң судья іс бойынша шығарған әрбір сот актісін «Төрелік» АЖ-не енгізеді, ал тараптар «Сот кабинеті» сервисі арқылы осы сот актілерімен үйлерінде немесе қалаған орында танысуға болады.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану сот саласы қызметінің қолжетімділігі, ашықтығы мен тиімділігі тәсілдерінің бірі болып табылғандықтан ақпараттық жүйелерді қолдану сот қызметкерлерінің және сотқа жүгінетін адамдардың да уақытын үнемдейді.

Қ.ЕСЕНҒАЗЫ,
Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

БІЛГЕН ЖӨН

ҰҢЫТПАУ ҮШІН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Мамыр айының үшінші жексенбісі – ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алуың Дүниежүзілік күні. Биыл бұл күн 15 мамырға түсіп тұр.

Дүниежүзілік еске алу күні ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қолдау көрсету, қоғамды ақпараттандыру және жұмылдыру, ЖИТС індеті әрқайсысымызға әсер етуі мүмкін деген ойды қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Оны алғаш рет 1983 жылы Сан-Францискода (АҚШ) ЖИТС проблемасынан жеке зардап шеккен (немесе олардың жақындары) американдықтар тобы ұйымдастырды. Дәстүр бойынша, бұл күні «Біздің жадымызда. Біз әрекет етеміз. Біз АИТВ індеті саннан көппіз» тақырыбы аясында жастармен кең көлемді іс-шаралар өткізіліп, көшелер мен алаңдарда шырақтар жағылады.

Есте сақтаудың және індеттен зардап шеккен адамдармен ынтымақтастықтың бір белгісі – 1991 жылы суретші Фрэнк Мур ойлап тапқан қызыл таспа. Жақындарды еске алу үшін олардың есімі жазылған құрақ көрпе (квилт) тігу дәстүрі де бар. Бірінші көрпені 1987 жылы американдық Клайв Джонс жасап, оны ЖИТС-тен қайтыс болған ең жақын досына арнады.

Заманауи медицина жетістіктерінің арқасында АИТВ-инфекциясы бұл күні созылмалы ауру түріне көшті. Антиретровируслық емдеуді уақытылы бастау және дәрігердің барлық нұсқауын орындау арқылы АИТВ жұқтырған адамдар ұзақ және қалыпты өмір сүре алады. Осы преараттардың арқасында АИТВ-сі оң адам-



ның өмір сүру деңгейі АИТВ-сыз адамның өмір сүру сапасынан еш кем емес.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебіне сәйкес, әлемде иммун тапшылығы вирусын жұқтырған 42 миллионнан астам адам өмір сүреді және күн сайын бұл көрсеткіш тағы 14-15 мыңға артады. АИТВ жұқтырғандардың басым бөлігі – 30 жасқа дейінгі жастар. Соңғы 25 жылда ЖИТС-тен 25 миллионға жуық адам қайтыс болды.

Алматы облысында 31.03.2022 жылғы есеп бойынша АИТВ жұқтырған 4103 азамат тіркелді, 100 000 адамға шаққандағы көрсеткіш 197,4 құрайды. Бұл адамдардың 33,9% инъекциялық есірткі тұтынушылар, гетеросексуалды жыныстық жолмен берілу үлесі 60,67% құрайды. 2022 жылдың 3 айына біздің облыста АИТВ жұқтырған 71 жаңа жағдай тіркелді.

А.КЕНЖЕБЕКОВА,
Алматы облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығының маманы

ПАЙЫМ

САҚТАНДЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ДАУЛАРДЫ МЕДИАЦИЯМЕН ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

Зайырлы, құқықтық мемлекетте кез келген даудың заңға сай шешілуі қалыпты жағдай. Соның ішінде бүгінде сақтандыру мәселесіне қатысты дауларды заңға сай реттеудің де өзіндік тәжірибесі қалыптасты. Сақтандыру шарты мемлекет тарапынан жіті қорғалады. Бұл азаматтардың тәуекелдерін қорғаудың, халықтың материалдық құндылықтарын жоғалтпаудың кепілі.

Жыл өткен сайын сақтандыру азаматтардың өмір тіршілігін көбірек қамти бастайды. Осыған орай сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру шартында айқындалған оқиғалар кезінде сақтандыру ұйымы тарапынан берілетін сақтандыру төлемі арқылы жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүдделерін қорғау мәселесі бүгінде ерекше өзекті болып отыр.

Еліміздегі құқықтық институттарға деген сенімнің нығаюы, халықтың

болады. Сақтандырушы неғұрлым азырақ сома беріп, сақтанушы барынша өз шығынын жапқысы келгендіктен дауды шешу қиындық келтіреді.

Жәбірленуші сақтандырушы белгілеген залал мөлшерімен келіспеген жағдайда сотқа дау айтуға құқылы. Өкінішке орай, осы мәселеде жәбірленушілер жиі қателік жібереді. Өйткені, олар сақтандырушы белгілеген залал мөлшеріне шағымданудың орнына, сақтандыру компаниясының бағалауымен келісіп, сақтандыру төлемін алып алады. Содан кейін ғана зиянның мөлшеріне дау айта бастайды.

Сақтандыруға қатысты мәселе әсіресе, биылғы жылдың басында орын алған «Қаңтар оқиғасы» кезінде өзекті болып отыр. Бейбіт шерудің соңы бүлікке ұласып, осы қаралы оқиға кезінде қаншама мемлекеттік мекеме өртелді, қиратылды. Одан бөлек,

созбалаңға салу; сақтандыру жағдайын рәсімдеуден сақтандыру мекемесінің бас тартуы; міндеттемелерді орындаудан бас тартуға байланысты келіспеушіліктер де жиі орын алады. Соған орай әлде де болса азаматтарға сақтандыру шарттарымен жіті танысып, әр қадамын сауатты жасауға ұйрету маңызды. Бұған қоса, сақтандыру туралы дауларды оңайлатылған тәртіпте қараудың соңы да дауға ұласып жатады. Шындығында сақтандыру дауларын оңайлатылған тәртіппен қараудың теріс салдары бар. Олай дейтініміз, мұндай даулардың артында қаржылық қызушылық тұрады. Ал оңайлатылған тәртіппен істі қарау барысында бір тараптың мүддесі қорғалып, екінші тарапқа зиян келеді. Шындығында істі біржақты қарап, талап қоюшының ұсынған дәлелдеріне негіздей отырып қысқаша шешім шығарудың салдары ауыр. Міне, осыған орай азаматтар оңайлатылған тәртіпте шығарылған шешімдердің күшін жоюды сұрап, істің қаралғанынан хабарсыз болғанын айтып, арызданып жатады. Мұндай даулар туындамас үшін сақтандыруға қатысты арыз-шағымдарды жалпы тәртіпте, Азаматтық процесстік кодекске сүйене отырып қараған абзал.

Жалпы, соңғы жылдары дауды бейбіт жолмен шешу, дауестікті төмендету бағытында Жоғарғы Сот тарапынан ауқымды істер атқарылды. Соған орай республика соттарында 2019 жылдан бері сақтандыру туралы заңнаманы қолданумен байланысты даулар санын азайту мақсатында «Сақтандыру дауларының алдын алу» пилоттық жобасы жүзеге асырылып келеді. Осы жобаға сай сақтандыру шарттарынан туындайтын сот даулары міндетті түрде медиация жүргізуді талап ететін даулар санатына жатады. Бүгінде сақтандыруға қатысты даулардың алдын алу, дауларды медиациямен аяқтау мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Сақтандыру компаниялары татуластыру рәсімдеріне жіті көңіл бөлуі керек. Бүгінгі күні сақтандыру омбудсманы дауды сот тәртібімен шешудің баламасы ретінде әрекет ететінін үнемі назарда ұстаған жөн.

Г.ЖАНГАЛИЕВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы



қаржылық сауатының өсуі сақтанушылар қатарының артуына ықпал етуде. Бұрын елімізде әрбір көлік құралы сақтандырылуға міндетті болса, 2020 жылдан бастап міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің енгізілуі белгілі. Одан бөлек азаматтар өз ын-тасымен жылжитын, жылжымайтын мүлкін, кәсібін сақтандыруға да дағдылана бастады. Дегенмен, сақтандыру шарттары көбейген сайын міндеттемелерді орындауға қатысты даулар да сотта жиі қаралатын болды. Сақтандыру компанияларының сақтандыруды төлеуден, сақтандыру сомаларын өндіруден бас тартуына байланысты төлемді өндіру туралы даулар да соңғы жылдары кеңінен тараған. Мұндағы ең басты негіз – зиян келтірілген көлікті бағалау есебіне қатысты. Себебі, сотта тараптар арасында даудың туындауына талап қоюшы мен жауапкердің бағалау есептерінің дәл келмеуі түркі

ҰЛТТЫҚ ҚОРҒА ҚОЛ САЛА БЕРЕМІЗ БЕ?

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Негізінде бұл құжаттарды дайындауға 2022 жылы туындаған тәуекелдерге орай макроэкономикалық көрсеткіштерді, бюджеттік параметрлерді қайта қарау қажеттігі себеп болыпты. Заң жобаларын сенаторлар алдында қорғаған құзырлы орын басшыларының айтуынша, ұсынылған түзетулер негізінен Мемлекет басшысының азаматтарды әлеуметтік қорғауды күшейту жөніндегі тапсырмаларын орындауды көздейді. Сондықтан енгізілген толықтырулардың қатарында – халықтың табысын арттыру бағдарламасын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарды, өңдеу өнеркәсібі мен кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бағдарламаны іске асыруды қаржыландыру мәселелері бар. Мұның сыртында қантар оқиғасының салдарын жою, күш құрылымдары мен төтенше жағдайлар органдарының жауынгерлік дайындығы мен жабықталуын арттыру, өңірлерді дамыту бағыттарына да баса мән берілген. Ал бұл міндеттерді жүзеге асыруға қажет қаржының белгілі бір бөлігі Ұлттық қордан алынады. Нактырақ айтатын болсақ, одан республикалық бюджетке 4 030 млрд теңге көлемінде кепілдендірілген трансферт жасалады. Бұл осымен үшінші жыл қайталанып отырған жағдай. Мұның сыртында бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін 1 триллион 716 миллиард теңге көлемінде сырттан қарыз алу жоспарлануда.

Жынында қосымша баяндама жасаған сенатор Серікбай Тұрымовтың айтуынша, жалпы қазірдің өзінде Үкіметтің сыртқы борышы, квазимемлекеттік секторды қоса алғанда 37 млрд, АҚШ долларынан астам немесе Ұлттық қор активтерінің 67 пайызына тең. Ішкі және сыртқы нарықтардағы қарыз алуды ескере отырып, ағымдағы жылдың өзінде үкіметтік борышқа қызмет көрсету және оны өтеуге 2,8 трлн теңге бағыттау қажет болады, бұл Ұлттық қордан алынатын трансферттермен бірге республикалық бюджет кірістерінің 17,9 пайызына тең және бұл Ұлттық қордың

қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында белгіленген шектеулерді 15 пайызға арттырады. Осыны ортаға салған Тұрымов мырза бюджеттің шығыс бөлігін жоспарлаудың сапасына және оларды пайдалану тиімділігіне алаңдаушылық білдірді. Бұл ретте ол «Қазушар» РМК-ні мысалға келтірді. Оның айтуынша, бұл кәсіпорынның жарғылық капиталын ұлғайту арқылы қосымша 10 млрд теңге көлемінде қаражат көзделген, ал 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражат қалдықтары 2016 жылдан бері 19,7 млрд теңге көлемінде қалып келеді. Жылдар бойы пайдаланылмаған мұндай қаражатты бюджетке қайтару бойынша шаралар қабылдау немесе оларды басқа қажетті бағыттарға қайта бөлу қажет. Сондай-ақ, «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын қамтамасыз етуге 2021 жылы 1 млрд теңге қаралды. Осы бюджетті нақтылау кезінде тағы 147 млн теңге бөлу көзделіп отыр.

Сол секілді үш жылдық бюджетті қалыптастыру кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде 24 көтерме-тарату орталықтарын құруға қатысты депутаттар тарапынан көптеген сұрақ туындапты. Бұл ретте 2022 жылға 9 млрд теңге сомасында қаражат көзделген. Бұған қатысты Сауда және интеграция министрлігінің ақпаратына сәйкес ағымдағы жылы 780 млн теңге тек қана екі көтерме-тарату орталықтарын жаңғыртуға жұмсалуда. Қазірдің өзінде мемлекеттік орган ұлттық тауар өткізу жүйесінің желісін құру моделін оңтайландыру және қайта қарау қажеттігі туралы мәлімдейді. Яғни, бұл жағдайда аталған жоба жеткіліктік сысықталғанын көрсетеді. Мұндай жағдайлар бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануды болдырмау үшін бюджетті жоспарлаудың және атқарудың онлайн режимінде бюджеттік мониторинг жүргізу, бюджет процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және оған азаматтық қоғам институттарын тарту сияқты тиімді жүйелерін қолдануды дәстүрге айналдыру қажеттігін көрсетеді.

ралы ұсыныстары орындалмай келеді. Сондықтан, таяу уақытта мемлекеттік бюджеттің құрылымын қайта қарап, жетілдіру қажет.

Мемлекеттік бюджеттің маңызды көзі көлеңкелі экономиканың әсіресе, сыртқы экономикалық қызметтегі үлесін қысқарту. Өйткені, салықтық және кедендік кірістер республикалық бюджеттің негізгі бөлігі. Бюджеттегі басты бағыт – тұрғындарды әлеуметтік қолдау болып отыр. Бұл Үкіметтің осы саладағы өз міндетін орындап отырғанын көрсетеді. Қаралып отырған бюджет жобасы бойынша әлеуметтік салаға 8,6 трлн теңге немесе барлық шығынның 46 пайызы бағытталмақ. Ал экономиканың нақты секторына 3,7 трлн теңге немесе барлық шығынның небары 17,9 пайызы қарастырылған. Сондықтан, жұмыс орындарының қалай құрылып, халықты қалай жұмыспен қамтитынынмыз, бюджеттің кіріс бөлігін қалай толықтыратынынмыз белгісіз.

Сенат спикері Маулен Әшімбаев көтерген мәселе де айрықша назар аудартады. Экономиканың тек мұнайдың қымбаттауы арқасында ғана өсіп отырғанын орынды атап өткен Әшімбаев мырза бұған ел экономикасын несиелендірудің төмен деңгейін, оның ішкі жалпы ұлттық өнімнің 25 пайызына ғана тең болып отырғандығын себеп еткен еді. Маулен Сағатханұлының айтуынша, дамыған елдерде бұл көрсеткіштің деңгейі 60-70 пайызға тең. Мәселен, Сингапур, Корея, Бірқатар Еуропа елдерінде ол 150 пайыз көлемінде. Ал біз керісінше экономиканы несиелеуді азайтып

бара жатырмыз. Оның өсімақысы да жоғары. Егер сыртқы тәуекелдер жойылмайтын болса, мұндай жолмен біз экономиканы дамыта алмаймыз. Ең таңқаларлығы, соңғы жылдары несиеге жоғары пайызды ұстап тұрған елімізде бизнес үшін оны субсидиялау мәселесі де қосарлана қарастырылады. Яғни, бір жағынан банк жоғары өсімақымен экономиканы несиелесе, екінші жағынан мемлекет бұл қарызды субсидиялайды. Осы мақсатта тек Даму қоры желісі бойынша биыл 170 млрд теңге бөлінуді екен. Біз қандай да бір тығырыққа тіреліп тұрғандаймыз. Осыны айтқан Әшімбаев мырза бұл қисынсыздыққа Үкіметтің өзі жоғары бағытталмаққа мән беріп отырғандығын мәлімдеген еді.

– Мұндай жағдай мемлекеттік органдарды да, банктерді де қанағаттандыратын сияқты. Өйткені, тәуекелдер аз болса, жауапкершілік те аз. Мұнай мен металдар бағасының қымбаттығы есебінен экономиканың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етіп отырмай, бұл мәселені нақты жағдайға сай қарастырып, экономиканы дамытуды әлемдік тараптарға сай ететін кез келген жоқ па, – деген спикердің сауалына бұл жылына мардымды жауап естілмеді. Елдің бас банкирі Ғалымжан Пірматов бәрімізге белгілі шикізаттық емес сектор дамымай, ештеңе өзгермейтінін айтумен шектелді. Ал, жиыннан соң біз пікірін сұраған вице-премьер Ералы Тоғжанов пен Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев жағдайды зерделеу керек, тиімділікті арттыруға жұмыс істеу керек деуден ары аспады.

ТАҚ АЛМАСТЫРУМЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН ОСЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ШЕ-НЕҮНІКТЕРДЕН БҮДАН БАСҚА ЖАУАП ТА, ӨРЕКЕТ ТЕ ҚҮТУ ҚИСЫНСЫЗ СЕКІЛДІ. ЕЛІМІЗ СОНДА ҚАШАН ЖАҒЫРАДЫ, ДАМУДЫҢ ЖОЛЫНА ҚАЙ КЕЗДЕ ТҮСЕДІ? СҰРАҚ КӨП, ЖАУАП ЖОҚ.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ, «Заң газеті»

ҰСЫНЫС

САЛЫҚ ЗИМАНОВ – «ХАЛЫҚ ҚАҢАРМАНЫ» АТАҒЫНА ЛАЙЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақ тілінің өз дәрежесінде дамымай, межелі мақсаттың кешеуілдеуінің себебін іздеді. Заңдардың мемлекеттік тілде – қазақ тілінде жазылуын, шенеуіктер бір-бірімен қазақша сөйлесуі қажеттігін басты назарға алып, «Караван» газетінде бірнеше үндеу-мақалалар жазып, нақты бағыттарын жария етті.

Зимановтың қайраткерлігі Қазақстан Президенті туралы заң қабылданар кезде тағы да ерекше көрінді. Сол күні Салық Зиманов Парламент мінберіне үш рет шықты. «Президент туралы заң бір адамның ғана көңіліне қарап шығара салатын зан емес! Президент туралы заң ұлттың болашағына, кейінгі ұрпақтың ертеңіне де қызмет етуі керек!» деп таусыла, күйзеле сөйлегені көптің әлі есінде. С.Зимановтың осы айтқандарының өте дұрыс өміршен екендігін дәл қазіргі уақыт көрсетіп отыр.

Марқұмның 95 жылдығын біз шәкірттері өз күшімізбен халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырып өткіздік. Ал білік жағынан тым-тырыс, ешқандай ұсыныстар болмады. Тұйыққа көсем болған С.Зимановтың 100 жылдығы да өз дәрежесінде атап өтілмеді, тек қана дөңгелек үстел, жөй конференциялардың деңгейінде қалды.

Академик Салық Зиманов егемен еліміздің негізін қалауға, тұңғыш Декларацияны жасауға және тұңғыш Конституцияны жасауға орасан еңбек сіңірген азамат. Ол кісінің тәрбиелеген шәкірттері республика деңгейінде әртүрлі жауапты қызметтер атқаруда.

«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп Абай атамyz айтпақшы, бәріміз осы ғасырдың куәгеріміз. Сондықтан Салық Зимановтың мемлекетке, қоғамға сіңірген еңбектерін ескере отырып, және де қазақ зиялылары, академиктері Төрөгелді Шарманов, Камал Ормантаев, Ғарифолла Есім, жазушы-ақындар Нұрлан Оразалин, Есбергел Алауханов, Дархан Мыңбай, Нұрғали Жүсіп, Қали Сәрсенбай, тағы басқа отанымыздың абзал азаматтарының ұсыныстары бойынша «Қазақстанның халық қаһарманы» атағын беруді орынды деп есептейміз.



Есбергел АЛАУХАНОВ, Зимановтанушы, заң ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», Нұр-Сұлтан қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі

СЕРІКТЕСТІК

Алматыда Халықаралық еңбек Аұйымының (ХЕҰ) Жұмыс берушілер қызметі жөніндегі бюросы мен «PARYZ» ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясы арасында екі-жақты серіктестіктің тиімділігін арттыру мақсатында арнайы меморандум жасалды. Ол ХЕҰ-ның Жоғары миссиясының Қазақстанға ресми іс-сапары шеңберінде жүзеге асты.



ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ДЕ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

ХЕҰ – әлеуметтік әділеттілік пен әріптестік қағидаттарын ілгерілетуді, еңбек саласындағы нормалар мен құқықтардың жоғары стандарттарын енгізуді өзінің мақсаты етіп қоятын Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) жүйесінің мамандандырылған агенттігі. Ал «PARYZ» ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясы ХЕҰ сессияларында 2000 жылдан бері Қазақстан жұмыс берушілері атынан қатысатын ресми делегат және серіктес болып табылады. 29 сәуірде кезектен тыс XII съезін өткізген конфедерацияда бірқатар құрылымдық және кадрлық өзгерістер жасалған болатын. Жанадан сайланған төраға Жұмабек Жанықұловтың айтуынша, ХЕҰ Жоғары миссиясының бұл іс-сапары конфедерациямен ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге, сондай-ақ, заңнамаға енгізілген өзгерістердің практикалық іске асырылуын бақылауға бағытталған. Бұған дейін ХЕҰ мен «PARYZ» конфедерациясы бірлесіп қолданыстағы заңнаманың халықаралық нормаларға, оның ішінде ХЕҰ мен БҰҰ конвенцияларында бірқатар сәйкессіздіктерді анықтап, олардың негізінде еңбек заңнамасына енгізілетін өзгерістердің жобасын әзірлеген. Соның нәтижесінде, 2018 жылы ХЕҰ ұсынымдарын іске асыру және заңнаманы еңбек қатынастарының халықаралық стандарттарына сәйкестендіру жөніндегі Жол картасы қабылданып, 2020 жылғы мамырда заңнамаға енгізілген өзгерістерде бұл ұсынымдар ескерілді.

– Бұл меморандумның басты мақсаты ХЕҰ қазақстандық жұмыс берушілердің мүдделерін қорғауда және Қазақстандағы жұмыс берушілер мен жұмысшылардың арасындағы және сонымен жұмыс берушілер мен үкімет арасындағы қатынасты реттеу серіктестікті нығайту. Қазір өздеріңіз жақсы білесіңдер әлемде көптеген оқиғалар болып жатыр. Соған байланысты кейбір жұмыстарды тез арада ақылдасып, реттеу үшін халықаралық деңгейдегі жұмыстар керек. Өйткені, ХЕҰ жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы дауларды реттеуде бізге халықаралық тәжірибелерді жеткізеді, – дейді Жұмабек Есілбекұлы.

ХЕҰ-ның Шығыс Еуропа және Орталық Азия және лайықты жұмыс мәселелері бойынша техникалық қолдау тобы бюросының жұмыс берушілер қызметінің бас маманы Владимир Чуровичтің сөзіне қарағанда, ХЕҰ-ның Жоғары миссиясының Қазақстанға жасаған бұл ресми іс-сапарының мақсаты жұмыс берушілер бірлестіктері еркіндігінің сақталуын бақылау. 2 жыл бұрын 20 мамырда Қазақстанда «Еңбек кодексі» мен «Кәсіпкерлер палатасы туралы» заң өзгерді. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасынан әлеуметтік диалог алынып тасталды. Соның нәтижесінде ол әлеуметтік сұхбатта еңбек қатынастарында жұмыс берушілер атынан өкілдік ете алмайды. Қазір бұл рөл жұмыс берушілердің тәуелсіз ұйымдарына берілген. Қазақстанда жұмыс берушілер үшін жаңа мүмкіндік ашылды. Олар өз құқығын

тәуелсіз ұйымдар арқылы қорғай алады. ХЕҰ бұл өзгеріс тәжірибе жүзінде заң талабы сақтала ма, жоқ па деп қолданылуын тексерді.

«Екінші мақсат ХЕҰ ұштарыпты ұйым. Бізде үкімет қана емес, әлемдік деңгейдегі жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың арнайы департамент-те тәуелсіз жұмыс берушілер ұйымы бар. Осы бағытта «PARYZ» ұлттық жұмыс берушілер конфедерациясымен меморандум жасалды. Біздің бюро оларға жұмыс берушілердің құқықтарын қорғауды жақсартуға көмектеседі. Мұнда бір мәселе бар. Қазақстан жұмыс берушілері көбірек конфедерацияға мүше болуы керек. Мүшелер саны қаншалықты көп болса конфедерация да мығым бола түседі және жұмыс берушілер мүддесін жақсырақ қорғайтын болады. Жұмыс берушілердің мықты бірлестігінсіз әлеуметтік сұхбат да берік болмайды және нәтижесі нашарлау болады. Жұмыс берушілер өз конфедерациясын қаншалықты көбірек қолдаса соғұрлым мүдделері де жақсы қорғалатын болады», – деген Владимир Чуровичтің айтуынша, қазір олар ұсыным жасамайды, тек бақылайды. Ұсыным Женевадағы комитет тарапынан 1 айдан кейін жасалады. Қазір олар тек еңбек және әділет министрліктері мен кәсіподақ пен жұмыс берушілер тарапынан заңнамаға сәйкес жасалған жұмыстар бойынша ақпарат қана жинауда.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ТОСҚАУЫЛ

МАЛ ҰРЛАҒАНДАРҒА
ЖАЗА ҚАТАҢ

2019 жылы ҚР Қылмыстық кодексі жаңа 188-1 бабымен, мал ұрлау, яғни, бөтеннің малын жасырын жымқыру қылмысымен толықтырылды.

Бұрын мал ұрлау – ҚК-тің 188-бабы ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру қылмысы бойынша қаралатын. Бұл баппен мал ұрлаған адам ұсталып, қылмыстық жауаптылыққа тартылу кезінде малдың иесіне жымқырған малдарын қайтарып немесе келген шығынды ақшалай орнын толтырса не жәбірленушімен татуласа ҚК-нің 68-бабының талаптарына сәйкес, қылмыстық жауаптылықтан босатылып кететін. Алайда, кейін осы мал ұрлаған адамдар, қылмыстық заңның осал тұстарын біліп бұл қылмысын қайта жасап құқық қорғау қызметкерлерінің құрығына қайта ілінсе, тағы да сотқа дейін немесе сотта малдың иесімен татуласып, шығынның орнын толтырып, қылмыстық жауаптылықтан тағы да құтылып кететін.

Осындай жағдайлар қайталанып, орын алғандықтан жаңа заң ҚК-нің 188-1 бабы мал ұрлау, яғни бөтеннің малын жасырын жымқыру – қылмысымен толықтырылып, жазалары қатандатылды. 188-1-бабының 1-бөлігі бойынша мал ұрлау орташа ауыр қылмысқа жатады. Бұл бап бойынша, мал ұрлаған кезде малдың иесіне жымқырған малдарын қайтарып немесе келген шығынды ақшалай төлесе де жәбірленуші малдың иесімен татуласа алмайды, ол енді заң бойынша жазаланады.

Себебі, «ҚК-ің 68-бабының 4-бөлігі 8-тармақшасына сәйкес, бұрын жасаған қылмысы үшін тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін, осы кодекстің 71-бабының бірінші бөлігінде белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тарту ескіргендіктен қасақана қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды», делінген.

Ал, 188-1-баптың 2,3,4-бөліктері бойынша мал ұрлау ауыр қылмыстар қатарына жатқандықтан, ешқандай да малдың иесімен татуласуға жол берілмейді және ҚК-тің 68-бабының талаптары қолданылмайды, сәйкесінше, адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды, керісінше заңға сәйкес тиісті қатаң жазасын алады.

ҚК-тің 188-1-бабының ескертпесінде, мыналар: ірі қара мал; жылқылар мен есектер; түйелер; ұсақ мал; шошқалар – мал деп түсініледі.

Мал ұрлығы қылмысының жасалу сипатына қарай және оған тағайындалатын жаза түрі келесідей: ҚК-нің 188-1-бабының 1-бөлігі бойынша мал ұрлау, яғни, бөтеннің малын жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 2-бөлігі бойынша мынадай: 1) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған; 2) ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 3-бөлігі бойынша: 1) бірнеше рет; 2) тұрғын үй-жайдың,

кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. 4-бөлігі бойынша: 1) қылмыстық топ жасаған; 2) аса ірі мөлшерде жасалған мал ұрлау – мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Мысалы, К. және А. есімді сотталушылар өзара алдын ала сөз байласу арқылы бірнеше рет басқа адамның жайылымда жүрген бес жылқысын қораға қамап, өздерінің автокөлігінің жүк салғышына жылқыларды тиіп, жасырын түрде жымқырған. Осы мал ұрлығы бойынша қылмыстық іс ағымдағы жылы Қаракия аудандық сотында қаралып, сот үкімімен ҚК-тің 188-1-бабының 3-бөлігі 1-тармақшасы бойынша К. және А. есімді сотталушылар мал ұрлау, яғни, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы бірнеше рет бөтеннің малын жымқыру қылмыстарын жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оларға 6 (алты) жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Үкім заңды күшіне енген. Қазіргі уақытта осы сотталғандар бас бостандығынан айыру жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуде. Сот бұндай мал ұрлау қылмысына тосқауыл қою үшін сотталушыларға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

С.БЕРДІБЕКОВ,
Қаракия аудандық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
НОРМА БАСЫМДЫҚТАРЫ

Ел Президентінің «ҚР халықаралық шарттарын жасау, орындау және денонсациялау тәртібі туралы» Жарлығы Конституцияның халықаралық шарттарды ратификациялау туралы ережелерін одан әрі дамыта отырып, 10-баптың 1-тармағында: «ҚР халықаралық шарттарын ратификациялауды ҚР Парламенті іске асырады» деп көрсетті. 14-бап ратификацияның екі сатысын көрсетеді: 14-баптың 1-тармағы Парламентке палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы халықаралық шарттарын ратификациялау мен денонсациялау, ҚР Президентімен немесе ҚР Үкіметімен ұсынған халықаралық шарттарды қарастыру және соған сәйкесінше заң қабылдау құқығын береді.

Ратификациялау және санкциялаудың басқа да түрлері – егеменді құқықтық жүйені басқа жат нормалардың тікелей енуінен қорғаушы механизм.

Халықаралық конвенция ережелерінің маңызды бөлігін өз бетімен орындамайтын нормалар құрайды. Оны келесі сөз тіркестері көрсетеді: «мүше-мемлекеттер міндетті», «мем-

лекеттер шара қолданады» және т.б. Халықаралық құқық ғылымында қалыптасқан пікірлер бойынша мемлекеттің сот және басқа да органдары қызметінде осындай нормаларды қолдану үшін халықаралық құқық нормаларын ұлттық заңнамаға алдын ала имплементациялау қажет. Осыған байланысты С.В.Поленкина құқық қолданушы органдар өз бетінен орындалмайтын конвенциялар ережелеріне сілтеме жасай ала ма және ең бастысы, халықаралық конвенцияның өз бетінен орындалмайтын ережелері ұлттық заңнама нормалары алдында басымдықты пайдаланады ма деген сұрақтарды қояды. Жасап отырған алдау нәтижесі халықаралық-құқықтық құжатты мемлекеттік ресми тануға қатысты арнайы шараларды жүзеге асырмай-ақ, халықаралық құқық нормаларын іске асыруы мүмкін екендігін көрсетеді және жоғарыда аталып өткендей, бұл көбінесе инкорпорация мен рецепция дәрежесінде болуы мүмкін.

Альмира АБИЛОВА,
Көкшетау қалалық соты кеңсесінің бас маманы, сот отырысының хатшысы

БАСТАМА

ДАУ МҰРАТЫ – БІТУ

Дауды сотқа дейін реттеу институты дауды сотпен шешуден бірқатар артықшылықтарға ие. Қазіргі қалыптасқан жағдай және шетелдердің тәжірибесі дауларды шешудің сотқа дейінгі баламалы нысандарының, соның ішінде медиацияның артықшылықтарын дәлелдеп отыр.

Қазіргі таңда ҚР Жоғарғы Сотының «Сот төрелігінің 7 түйіні» бағдарламасы бағыттарының бірі «Татуласу: сотқа дейін, сотта» бағыты бойынша, татуласу рәсімдерін одан әрі дамыту сот жүйесінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Сот инстанцияларында аса ауыр жүктеменің қалыптасуы заңнаманы қолдануда қайшылықтарды шешуге қосымша ресурстарды енгізу қажеттілігін тудырады. Осындай жағдайларда медиация сотқа дейінгі дауларды реттеу нысаны ретінде сотқа дейін жанжалдарды шешудің ең оңтайлы нұсқасы деп айтуға толық негіз бар. Дауларды сотқа дейінгі реттеу институтының артықшылықтары барлық ғылыми мақалаларда жазылып, тәжірибеде өз дәлелін тапты. Егер тереңірек қарастыратын болсақ, бұл сатыдағы медиацияны қолданудың үлкен пайда әкелетініне көз жеткіземіз. Атап айтар болсақ, іскерлік беделді сақтау және дауды реттеудің салыстырмалы түрде көп шығынсыз жүзеге асуы. Себебі, дауды сот өндірісі арқылы реттеу елеулі қаржылық шығындарды қажет етеді.

Сотқа дейінгі реттеу кезінде мемлекеттік бажды төлеу қажеттілігі болмайды. Сонымен қатар, дауды сотқа дейін реттеу үшін жұмсалған уақыт сотқа жүгінуге кеткен уақыттан әлдеқайда аз болады.

Н.БИРМАНОВА,
Мұғалжар аудандық № 2 сотының кенес бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖАҢА ФОРМАТ

Мемлекет басшысы Биылғы жылғы жолдауында «Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кетті. Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын оң өзгерістер керек», – деген болатын.

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ
СЕРПІН БЕРДІ

Бүгінде әр азаматтың үніне құлақ асатын мемлекетіміздің әрбір саласында ашықтық пен жариялылық салтанат құрды десек артық айтқандық емес. Себебі, сандық технологияның көмегімен қоғам бір ғана батырманы басу арқылы кез келген жаңашылдыққа үн қосып, мемлекетіміз көз алдымызда дамуда. Осы орайда, сот жүйесін цифрландырудың да орны бөлек. Бұл ең алдымен сот отырыстарының ашық әрі әділ өтуіне ықпал етеді. Сондай-ақ, аталған бейне және дыбысты таспаға жазуды тоқтатуға, материалдарды редакциялауға ешкімнің құқығы жоқ. Сот отырысы барысының дыбыс-бейнежазбаға түсірілуі сот процестерін судьяның заң талаптарына сай жүргізілуіне және тараптардың да заң талаптарын қатаң сақтауға итермелейді. Себебі, тараптардың айтқан сөздері, келтірген дәлелдерінің дыбыс-бейнежазбаға жазылуы дау туғызбайды.

Бұл сот хатшыларының да жұмысын оңтайландырып, жұмыстың өнімділігін арттыруға жол ашады. Соттарды цифрландырудағы тағы бір жетістік сот процестеріне тараптардың түрлі байланыс арналарының көмегімен онлайн

қатысуы еді. Өлемнің әр түкпірінен сот отырыстарына онлайн қатысу тараптардың уақытын үнемдеп, жолға жұмсайтын шығынын азайтты. Тіпті, қазіргі таңда сот отырыстарына онлайн қатысу тиімділігін көрсеткені сондай, карантин шектеулері алынғаннан кейін де тараптардың сот отырыстарына онлайн қатысуы тоқтаған емес.

Сот төрелігін қашықтықтан жүргізуге мүмкіндік берген «Сот кабинеті» сервисі де санаулы уақытта өз өміршеңдігін көрсетті. Қазіргі кезде «Сот кабинетін» пайдаланушылар саны 620 мыңнан асса, сервисіте 7 миллионнан астам сот актісі қолжетімді. Аталған жүйе арқылы сотқа электронды түрде талап-арыз, шағым, өтініш беруге, мемлекеттік баж салығын да онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құжатты қадағалап отыруға болады.

Жаңылхан ЖУСУПОВА,
Маңғыстау облыстық кәсілетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

МИГРАЦИЯ

Тәуелсіздік Қазақстанның сыртқы саясатына Төлеулі өзгерістер әкелді. Елдің шекарасы бекіп, іргесі нығайды. Сонымен қатар, алыс-жақын елдермен барыс-келіс, әріптестік, экономикалық, құқықтық, сауда, саясат, мәдени қарым-қатынастар артты. Елге туристік, қызметтік, әріптестік мақсатпен келушілер қатары көбейді.

масын бұза отырып, шетелдік жұмыс күшін және шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның еңбек қызметін заңсыз жүзеге асыру заң санаттарына қарай жазаланады.

Егер сот ол азаматтарды

ҚҰҚЫҚ БҰЗҒАНДАР
ЕЛДЕН ШЫҒАРЫЛАДЫ

Сонғы жылдар мен соңғы жағдайлар бұл статистиканы тіпті арттырды. Бүгін де Қазақстан аумағында инвестиция, құрылыс, әлеуметтік бағдарламалармен жүрген өзге елдің азаматтары көп. Қазақстан басқа мемлекеттер секілді бұл мәселені өз заң, ережелерімен реттеп отыр. ҚР Конституциясы Қазақстанда әрбір азаматтың еркін, тәуелсіз жүріп, тұруына, қызмет істеп өмір сүруіне кепілдік берген. Бейбітшілік сүйгіш ел есебінде Қазақстанға қызығушы да, келуші де, келуге ниетті де көп. Олардың ішінде әртүрлі заңбұзушылықтарға ұшырап, виза режимін, келіп кету, жүріп тұру шарттарын орындамайтындар да жетерлік. Бұл ретте мемлекет шетелдіктерді немесе Қазақстан азаматтығы жоқ адамдарды республика аумағынан әкімшілік жолмен шығарып жіберуді қарастырады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 51-бабына сәйкес әкімшілік жолмен шығарып жіберу шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ

адамдарға орын алған құқық бұзушылықтарына қарай қолданылады. Әкімшілік жолмен азаматтарды елден шығарып жіберуді сот заңда көрсетілген тәртіп ретпен қарастырып, жүзеге асырады. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне бұл мәселе: «Әкімшілік немесе бақылау жүргізу арқылы елден шығару деп есептеледі» – делінген. Кодекс бұл мәселелерді мынадай жағдайларды негізге алады: қоғамдық бірлестіктер, діни қызмет және діни бірлестіктер, Қазақстанның азаматтығы туралы заңнаманы бұзу, құпиялық режимін қамтамасыз ету жөнінде белгіленген талаптарды бұзу, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында болу қағидаларын бұзу, Қазақстан заңна-

әкімшілік жолмен елден шығару мәселесіне шешім қабылдаса ол шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам сот көрсеткен мерзім ішінде ел аумағынан кетуі немесе күштеп шығарылуы тиіс.

Қазіргі таңда Қазақстанда әртүрлі құқық бұзушылықтарға жол берген шетелдік азаматтарды елден шығару мәселесі әрекетіне қарай азаматтық, әкімшілік және қылмыстық іс жүргізумен қарастырылады. Бірақ сонымен қоса құқықтық қарым-қатынасты реттеудің қай сатысында болмасын кез келген тұлға сот шешімі, қаулысына шағым келтіре алады. Заң бойынша, шешім міндетті түрде елден шығаруға берілген мерзімге жетпей сотқа тапсырылуы тиіс. Шешім өзгеріссіз қалдырылған жағдайдың өзінде құқық бұзған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамды елден шығарудың жаңа мерзімі көрсетіледі.

Айнагүл ӨМІРЗАҚОВА,
Алақөл аудандық сотының бас маманы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру ҚР-ның әрбір азаматының парызы» дейді. Бұл Қазақстан азаматына, осы елде тұрып жатқан барлық ұлтқа қатысты. Кезінде осы «парыз» деген сөзді «міндет» деген сөзге ауыстыру керек еді. Сондықтан да қазір біз басқа ұлт өкілдеріне, өзміздің орыс тілді қазақтарға мемлекеттік тілді білуге міндеттіңдер дей алмаймыз. Талап жоқ жерде міндет жоқ. Негізі барлығы мемлекеттік тілде сөйлеу үшін оған қажеттілік туғызу керек. Яғни, мемлекеттік тілді насихаттау, міндеттеу мемлекеттік деңгейде қолға алынуы тиіс. Осында өмір сүріп жатқан қай ұлт болмасын қазақ тілін өзінің тұрып жатқан мемлекетінің тілі деп біліп, бойұсынып, қабылдауы керек. Қазір біздің елімізде мемлекеттік тіл туралы заң жоқ. Қазақстанға жеке өзінің мемлекеттік тілі туралы заңы керек. Мемлекеттік тіл деген ұғым Конституцияның 7, 93-бабында және «Тіл туралы» заңның біраз бабында тілге тиек етіліп, жазылғанымен, онда «әрбір Қазақстан азаматы мемлекеттік тілде сөйлеу керек деген заң нормалары жоқ. Сондықтан бізге мемлекеттік тіл туралы жеке дара заң қабылдау кезек күттірмейді.

Бұл енді ашу туғызбай қоймайды. Кеңес одағынан қалған атаулардан құтыла алмай жүргенде тәуелсіз елдің тәуелсіз сотының бұл қадамы қисынсыз. Сауалымды, өкпемді Жоғарғы Соттың баспасөз қызметіне жеткіздім. Менің жазбамнан кейін Айдоос Садуақасов бірден хабарласты. Ол жігіттің қазақ тіліне қамқор екенін білетінмін. Сыннан кейін бірден менің ұсынысымды қабыл алып, «заңгер Мейр ҚЗ-тің ұсынысы бойынша ІТ – правосудия енді ІТ – Сот деп аталатын болды» деп ФБ алаңында жар салды. Міне сол кезде тілді дамытуға аз да болса ықпал ете алатынымызды түсіндім. Сол құлшыныспен бүкіл соттың атауын қазақшалауға атсалыстық. Шыны керек, кейбір соттың өзін

Мейірман ШЕКЕЕВ, заңгер:



құпия мәліметтерді көпшілік талқысына шығару қаншалықты дұрыс?»

– Адвокаттар мен заңгерлердің әдеби жан дүниесі мен тәрбиесіне, алған біліміне байланысты. Әрине, өз мақсатына жету үшін отбасылық құпия жағдайларды көпшілік талқысына салу дұрыс емес. Бұл заңмен құдаланатын, заңмен жауапкершілікке тартылатын жағдай. Бірақ кейбір адвокаттардың қулыққа барып, заңның шикі тұсын өз мақсатына пайдаланатыны рас. Адвокаттардың мұндай әрекетін құптамаймын.

– *Ар-намысқа тию, жала жабу бойынша арызданғандар құқығын қорғаудың қиындығы неде? Дәл осындай шағымдардың сотта қаралуына қандай баға бересіңіз?*

– Ар-намысқа тиюге

– *Сот процесінде орыс тілділердің аудармашы талап етуі заңды, қалыпты жағдай. Ал қазақ тілділердің аудармашы сұрауы неге «елдің уақытын алу, түсініп тұрса да әдейі істем тұр» деп бағаланады?*

– Бұл өте орынды, маған қатысты сұрақ екен. Көп жағдайда мен сотқа қазақ тілінде қатысуға мүдделімін. Сондықтан орыс тілінде берілген талап арыз болса да, жауапкер ретінде болса да мен қазақша сөйлеймін деп өтініш білдіремін. Әрине, бұл сот отырысының созылуына әсер етеді, бірақ өзгенің уақытын үнемдейміз деп өз тілімізден айырылатын жағдай жоқ. Орыс тілінде жазылып жатқан қаншама кітап, дайын үлгі болатын заңгерлік құжаттар бар. Сол секілді өзімнің қазақша толтырған процессуалдық құжаттарымды кейінгі ұрпақ өз тәжірибесінде пайдаланар деген мақсатпен соттарға мемлекеттік тілде қатысымын. Сондай кезде соттың өзі: «Сіз орыс тілін жақсы білесіз, әдейі процесіңіз созып отырсыз, сізге мұның не қажеттілігі бар? Істі орыс тілінде жүргізейік» деп сыпайы өтініш білдіреді. Бірақ сол сыпайы өтініштің артында үлкен зіл тұрады. Ұсынысқа көнбеген кезде сот менімен өштесіп, соңында үстімнен жеке ұйғарым шығарып жа-

«30 ЖЫЛДА ҮШ ЗАҢНЫҢ ҒАНА ҚАЗАҚША ДАЙЫНДАЛУЫ – ТРАГЕДИЯ»

– *Қазақша қызмет көрсетуі, мекеме атауын мемлекеттік тілде жазуды талап етіп жүрген заңгердің бірісіз. Бұл әрекетіңіз көпшілік тарапынан қаншалықты қолдау тауып отыр?*

– Осы күнге дейін, өкінішке қарай, қазақ азаматтары өз құқығын білмей келді. Енді оянып жатқандар көп. Ал олардың реніші көбінесе өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде қызмет көрсетуіне байланысты туындауда. Өкінішке орай, билік тұтқасындағы азаматтар «өзге ұлт өкілдері мемлекеттік тілде сөйлеу керек» деген жалаң сөзді айтумен шектеледі. Кезінде «автокөлік белдеуін тағу өміріңізді сақтайды» деп ескерткенде сол белбеуді кім тақты? Ешкім! Кейін ӨҚБТК-ге өзгеріс енгізіп белдеу такпағандарға айыппұл салына бастап еді, белдеу такпайтын жүргізушіні көрмейтін болдық. Айыппұл да соншама қомақты емес. Бірақ, соның өзі азаматтарды тәрбиелеуге көмектесті.

Менің қазақша қызмет көрсетуі, мекеме атауының мемлекеттік тілде жазылуын талап етуім көпшілік тарапынан қолдау тауып отыр. Шыны керек, басқа ұлт азаматтарының мемлекеттік тілді білмеуін бетіне басып жөн-жосықсыз тиіспеймін. Себебі, мемлекеттік тілді білмеу жалғыз олардың кінәсі емес. Бұл биліктің мемлекеттің тілді дәртіптеу саясатының кемдігінен, насихаттың әлсіздігінен орын алған жағдай. Мемлекеттік тіл комитеті бар, мемлекеттік бағдарламалар да қабылданған. Жоспар бойынша 2020 жылы ел тұрғындарының 90 пайызы мемлекеттік тілде сөйлеуі керек еді. Міне 2022 жыл болды, еш өзгеріс жоқ.

Ең алдымен мемлекеттік мекемелерде тілге қатысты ешқандай заң бұзушылық болмау керек. Себебі, олар мемлекеттік қазынадан жалақы алып отыр. Ал ол халықтың ақшасынан құралады. Кезінде әлеуметтік желіде сот, мемлекеттік мекеме атауларын қазақшалауға атсалыстық. Әлеуметтік желі – халықтың ең көп шоғырланған алаңы екені белгілі. Сот мекемесіне күніне 100 адам кірсе, соттың әлеуметтік желідегі парақшасына 1000-нан 5000 адамға дейін кіреді. Сенесіз бе, 2019 жылға дейін әлеуметтік желіде Қазақстандағы соттың бір де бірінің атауы қазақша жазылған жоқ. Содан Жоғарғы Соттың заңгерлерге арналған арнайы тобы ашылды. Оның аты тек бір тілде ІТ – правосудия деп аталды.

сотқа берген кез болды. Ол әлеуметтік желілерде үлкен қызығушылық туғызды. Мұның барлығы мемлекеттік тілге қатысты мәселенің көп адамды мазалайтынын көрсетті. Әрі халықтың тілді туғырына көтеру үшін қандай ерлікке де баратынын хабар берген еді. Ал артында кара ормандай халық тұрғанда неден тайсаласын. Қызды-қыздымен мемлекеттік қызметте, Жоғарғы Сотта қызмет ететін азаматтардан тек орыс тілінде емес, мемлекеттік тілде ақпарат беруді талап ете бастадык.

– *Соттағы істердің басым көпшілігі орыс тілінде қаралады. Мұны заңгерлер мен адвокаттардың қазақ тілін білмеуімен байланыстырып жатады. Сонда қазақша білетін адвокат, заңгерлер аз ба?*

– Орыс тілі ресми тіл деген статуска ие емес. Заңда тек ресми қолданылатыны дәйектелген. Көп азаматтар осыдан шатасады. Ресми тіл жоқ бізде! Ресми тіл де, мемлекеттік тіл де бір ұғым, ол – қазақ тілі. Конституциямыздың 7- бабының 2-бөлігінде Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады делінген. Бар қате осында.

Иә, соттарда істердің көбі орыс тілінде қарастырылады. Мен мысалы 2019 жылы осы тіл туралы көп зерттедім, өзім үшін Қазақстанда қанша пайыз іс мемлекеттік тілде қаралатынын білгім келді. Сонда республика бойынша істердің тек 25 пайызы ғана мемлекеттік тілде қаралған. Алматы мен астанада 4-ақ пайыз, ал қалған 96 пайызы орыс тілінде қаралған. Бұл қасірет емес пе? Мұны заңгерлер мен адвокаттардың қазақша білмеуімен ғана байланыстыруға болмайды. Негізінде заң тілінің өзі бөлек – күрделі тіл. Орыс тіліндегі сот терминдерін қарапайым халық түсінбейді. Қазақша сөйлей алатын адамның өзі заң сөзін дұрыс түсіне бермейді. Бүгінгі таңда Азаматтық кодексте ресми бекітілген терминдер бар. Мен қатысып жүрген істерде қолданылатын сөздер мүлдем бөлек. Азаматтық кодексте терминдерге мүлдем сәйкес келмейді. Қазір соны қарастырып жатыр. Сотта сөз тұрмақ,

бір үтірдің өзі адам тағдырын шешеді. Бүгінгі аударманың сапасы да сын көтермейді. Соның салдарынан сот отырысы қазақша болып жатыр деуге мүлдем болмайды. Тек үтір емес, сөзінің мағынасы ауысып кеткеннен кейін ол шешім қалай болады? Сондықтан заңгерлеріміз аудармашы қатысқан сотқа да қатысқысы келмейді. Өйткені, әрбір істің артында адам тағдыры тұр. Ешкім оған тәуекел ете алмайды. Қазақ тілінде соттасу өте қымбат. Қазақ тілінде кітап та жоқ, тәжірибе де жоқ, болса да өте аз. Мысалы, орыс тілінде соттасу өте оңай, арыздарды интернеттен басып алып қолдана береді. Бізде қазақша ойлайтын адвокаттар мен заңгерлер бар, бірақ қазақша іс жүргізуге батылы жетпейтіндер көп. Оған уақыты да, мүмкіндігі де, тәуекелі де жоқ.

– *Адвокат, заңгерлер жұмысына қатысты сын айтатындар аз емес. Кейбір әріптестеріңіздің қаламағыны тек арыз жазып, сот отырысына қатысқаны үшін алатындай көрінеді. Қорғаушылардың белсенді болуы қаламағымына байланысты дегенмен келіссіз бе?*

– Жоқ, мұнымен келіспеймін. Адвокаттың адамгершілігі ешқандай заңмен реттелмейді. Иә, бізде Әдеп кодекстері бар ғой, адамның өзінің ішкі жан дүниесінен шығатын нәрсе ол. Бізде кейбір істерге тегін қатысып жатады, болмаса адвокаттар да тегін қызметке жүгіне бастайды. Адам құқығын қорғау кезінде адамгершілікті бірінші орынға қоятын адвокаттар бар. Сондықтан біржақты ешкімді жазғыра алмаймын, себебі, жаңғасын тек осы кәсіптен асырап отырғандар көп. Адвокаттарға мүмкіндік беру керек, кейде өз клиентін қорғаймын деп жұмысынан айырылып қалуы да мүмкін. Сол үшін де қорғаушылар клиенттің құқығынан гөрі өз құқығын биікке қоюға мәжбүр боп жатады.

– *Адвокат заңгерлердің әдеби аз ойландырмайды. Өз мақсатына жету үшін келесі тараптың жеке басына, отбасылық жағдайына байланысты*

байланысты істерге қатысудың түк қиындығы жоқ, Өйткені, мен мұндай істерде бірнеше рет жеңіске жеткендердің бірімін. Қазіргі таңда сот мұндай талап арызды қарауда бірінші тәжірибе қалыптастырған.

Ал жала жабу фактісімен өз құқығын қорғау бұл бөлек әрекет. Бұрын жала жабу фактісі орын алғанда шағымданушы өз құқығын қорғау үшін жеке айыптаумен бірден сотқа жүгіне алатын. Қазір жала жабу фактісі әкімшілік құқық бұзушылық санатына жатады. Бұл өз кезегінде көп қиындық туғызуда. Біріншіден, азамат жала жабу фактісімен енді полицияға арызданады. Барлық материалдарды жергілікті учаскелік инспектор жинайды. Олардың бұл істен тәжірибесі жоқ болғандықтан, жала жабу фактісін сотта дәлелдемек түгілі, әкімшілік хаттаманың өзін дер кезінде және дұрыс толтыра алмайды. Салдарынан азаматтың құқығы дұрыс қорғалмай жатады.

Жала жапқандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуда нәтиже бар. Соған орай бұл баптың әкімшілік заңнамаға ауысуына қарсы болған азаматтың бірімін. Өйткені, қазір жала жабу кең етек алып барады. Ол үшін бұрынғыдай жаза ауыр емес. Әкімшілік жауапкершіліктен ешкім қорықпайды. Бұрын құқығы бұзылған азамат жала жапты деп бірден сотқа жүгіне алатын еді, ал қазір полицияға барып арыз жазады. Тұйықталған шеңбер. Жакында жала жабу фактісіне куә болдым. Салғырттық салдарынан полиция жеңілді, бірақ мен жеңдім. Жала жапқанын іс материалдарымен дәлелдедім. Жала жабу фактісіне куә болдым. Салғырттық салдарынан полиция жеңілді, бірақ мен жеңдім. Жала жапқанын іс материалдарымен дәлелдедім. Жала жабу фактісіне куә болдым. Салғырттық салдарынан полиция жеңілді, бірақ мен жеңдім. Жала жапқанын іс материалдарымен дәлелдедім. Жала жабу фактісіне куә болдым. Салғырттық салдарынан полиция жеңілді, бірақ мен жеңдім. Жала жапқанын іс материалдарымен дәлелдедім. Жала жабу фактісіне куә болдым. Салғырттық салдарынан полиция жеңілді, бірақ мен жеңдім.

тады. Мұндай әрекеттер әрбір қазақша қатысқан істерінде туындап тұрады. Осындай істерде қатысушы отырған тарап соттан міндетті түрде маған жеке ұйғарым шығаруды сұрайды. Сондағы айтағын уәжі: мен орысша түсіндей екенім. Бұл қалай? Сонда біз Қазақстанда мемлекеттік тілде сот отырысына қатыса алмаймыз ба? Осының өзі мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қауқарсыздығын көрсетеді. Мәселен АПК-нің 14-бабының 2-бөлігінде талап арыз қай тілде түссе, сот жүргізу тілі сол тілде болады деп нақты көрсетілген. Яғни, егер талап арыз қытай тілінде берілсе, сот істі қытай тілінде жүргізуі керек дегенге саяды. Сонда мемлекеттік тілдің басқа тілден қай мәртебесі артық?

– *Тәуелсіздік алғанмызға 30 жыл. Осы жылдар ішінде тек үш заң мемлекеттік тілде дайындалды, бұған не себеп? Қазақша білетін білікті заңгерлер жоқ па?*

– «Тіл туралы» заңның барлық пункттерін ашатын болсаңыз, жүргізу тілі мемлекеттік тіл деп келеді де, соның қасына орыс тілін қосады. Барлық мекемелерде, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі тең қолданылады деп жазылады. Сол секілді «заңдар міндетті түрде қазақ тілінде әзірленіп, қабылданады» деген заң нормасы жоқ. Сосын заңдардың көбісі қазақтың менталитетіне сай емес, орыс тілінде дайындалып, содан кейін қазақ тіліне аударылады. Аударманың аты – аударма, бәрібір түбіне келгенде толық мағына бере алмайды. 30 жылдың ішінде үш-ақ заңның қазақша жазылуы – трагедия, ұлттық трагедия. Бұл ешбір мемлекетте жоқ нәрсе. Егер депутаттарымыз, шенділеріміз, мемлекеттік қызметкер деген статусы аркалап жүргендер қазақша сөйлесе, халық солардан үлгі алар еді, ынталанар еді. Бізге қазақша ойланатын, қазақша түсінетін, қазақтың қамын ойлайтын азаматтар керек.

– *Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!*

Айгүл СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

ЖИЫН

ҚҰЖАТТАР ҚАШАН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖАЗЫЛАДЫ?

Байзақ аудандық сотында онлайн режимінде судья А.Телесбаева «Сот өндірісіндегі мемлекеттік тіл» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Оған банк өкілі, жеке сот орындаушы және адвокат қатысты.

А.Телесбаева мәселенің маңызына тоқталып, статистикадан хабарлар етті. 2022 жылдың 1-тоқсанында мемлекеттік тілдегі кіріс құжаттары

64,28%, шығыс 99,56%, ішкі құжат бойынша 100% құраған. Оның ішінде кіріс құжатының мемлекеттік тілдегі көрсеткіші төмен. Сондай-ақ, сот өндірісіне орыс тіліндегі құжаттарды банктер мен сот орындаушылар жолдайтынына аса назар аударды.

Судья өз сөзінде сот өндірісіне түсетін кіріс құжатының мемлекеттік тілдегі көрсеткішін

көтеру мақсатында банктер мен сот орындаушыларға үнемі хат жолдап, ескертіп отыру керектігін айтты. Сонымен қатар, «Тіл туралы» заңның 4-бабына сәйкес: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі» екендігін



және қазақ тілінің дамуы мен сақталуы, еліміздің әрбір азаматының парызы екендігін айтып өтті.

Жамбыл облысы Байзақ аудандық сотының баспасөз қызметі

КИЕ

ҰЛТ ҰСТЫНЫ

Тіл – сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы болумен қатар, өткендегі олжаларды бүгінгі күнге, ал бүгінгі пайымдарымызды келешекке жеткізу үрдісінде де өте маңызды дәнекерлік міндет атқарып келеді. Халық көй-деңгейде тілдің бай қоры мен көркемдігін сақтап сөйлейтін болса, соғұрлым өрелі ойлайды; қай денгейде ойласа, сол аяда сөйлейді.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері отыз жыл өтті. Осы уақытта көптеген жетістікке, биіктерге жетті. Халықтың әлеуметтік жағдайы көтеріліп, заң, өнеркәсіп, ғылым, экономика, денсаулық сақтау салалары өз алдына даму үстінде. Алайда, мемлекеттік тілдің мерейіне қатысты мәселе әлі де өзекті. Қазақ тілін дамытуға әр сала өз үлесін қосуы керек. Тек сонда ғана әр қазақстандық қазақ тілін игеріп, еркін ойын жеткізіп, сөйлесе алатын болады. Өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді құрметтейтінін қаперден шығармайық.

Райгүл ИМАНГАЛИЕВА,
Орал қалалық № 2 сотының бас маманы

МӘМІЛЕ

Азаматтарды татуластыру дәстүрі бүгінде еліміздің сот жүйесінде дауларды сотқа дейін реттеу тәсілдері арқылы жүзеге асырылуда. Татуласуға жататын даулар бойынша сотқа жүгінген азаматтарға алдымен татуластыру рәсімдеріне қатысу құқықтары түсіндіріледі. Тараптар татуласу келісімін, медиациялық келісім немесе партисипативтік келісімін жасап, дауды толық көлемде немесе бір бөлігі бойынша реттей алады.

БІТІМГЕРШІЛІК ЫНТЫМАҚТЫ АРТТЫРАДЫ

Дауды бітімгершілікпен шешу азаматтардың уақытының үнемделуіне ықпал етіп, халық арасындағы дауласу деңгейін төмендетіп, адамдардың ымыраға келу мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан, еліміздің сот жүйесі татуластыру рәсімдерін жетілдіруге көңіл бөледі. Бұл жолдағы маңызды қадамдардың бірі – сотқа дейінгі хаттама институтын қолданысқа енгізу болып табылады. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Азаматтық процесілік кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа еніп, сот жүйесінде сотқа дейінгі хаттама ұғымы пайда болды.

Сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы дауды бітімгершілік, медиациялық және партисипативтік келісімдермен реттеуге болады. Оның ерекшелігі, дау бойынша тараптар өзара дәлелдемелермен алмаса алады. Сонымен қатар, уақыт пен күшті үнемдеу, материалдық шығындардың болмауы және мемлекеттік бажды қайтару сотқа дейінгі хаттама жасаудың басты артықшылықтары болып табылады. Сайып келгенде, сотқа дейінгі хаттама дауды бітімгершілікпен аяқтауға және тараптардың бұрынғы қарым-қатынасын сақтап қалуға ықпал етеді.

Жаңа институтты жүзеге асыру тәсілдеріне келсек, татуластырушы-судья тараптарға сотқа дейінгі хаттаманы жасау жөніндегі құқықтарын түсіндіре отырып, татуластыру рәсімдеріне қатысуға шақыру жібереді. Сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуласудың артықшылықтары мен салдарын түсіндіреді, тараптардың пікірін анықтайды. Егер тараптар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, татуласу жағдайда, 15 жұмыс күнінен кешіктірмей, азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады. Сонымен қатар, тараптардың арасындағы дауды бітімгершілікпен реттеу туралы келісімдерді бекітеді.

Қазіргі таңда Байқоңыр қалалық сотында татуласуға жататын істердің саны бойынша сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы тараптарды бітімгершілікке шақыру тәжірибесі қалыптасып келеді. Мұндай істердің қатарына көбінесе неке бұзу, ортақ мүлікті бөлу және алимент өндіру туралы даулар кіріп отыр. Тәжірибедегі іс бойынша айтып өтсек, Байқоңыр қалалық сотына талап қоюшы У. бұрынғы күйеуі болып табылатын жауапкер Д.-мен некеде тұрған кезінде ортақ мүлік ретінде алынған автокөліктің жарты құнын, яғни 1 500 000 теңгені өндіріп алу туралы талап қоюмен жүгінді. Талап қою сот өндірісіне қабылданғанға дейін тараптарға сотқа



Телжан ЖҮСІПОВ,
Байқоңыр қалалық сотының
төрағасы

дейінгі хаттама құру арқылы дауды татуласу келісімімен, медиация тәртібімен және партисипативтік келісім тәртібімен реттеу құқықтары түсіндірілді. Соттың тараптарды бітімгершілікке шақыруы және талап қоюшының қорғаушысының жәрдемдесуі нәтижесінде, тараптар ортақ мүлікті бөлу туралы дау бойынша сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы өзара бітімгершілікке келгенін көрсетіп, сотқа араларындағы келісімді бекіту туралы өтінішхат жолдады.

Келісімге сәйкес, жауапкер талап қоюшыға ортақ мүлік ретінде алынған автокөліктің жарты құнын ретінде 1 000 000 теңге беруі тиіс. Ал, талап қоюшы жауапкердің шартымен келісіп, 1 500 000 теңгені өндіріп алу туралы талап қоюдан бас тартады. Сот ұйғарымымен тараптар арасында медиациялық келісім бекітілді. Ұйғарым шығарылғаннан кейін келесі күні жауапкер талап қоюшыға 1 000 000 теңге көлеміндегі қаражатты беріп, осылайша ортақ мүлікті бөлу туралы дау сотқа дейінгі хаттаманың көмегімен реттелді.

Бүгінде қоғамда дау туындаса, бірден сотпен шешу керек деген ұғым қалыптасқан. Әрине, сот азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғайды. Бірақ, даудың бәрін соттың таразысына салмай, татуласу арқылы да шешуге болатынын ескерген жөн. Бұл ретте дауды сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы бітімгершілікпен шешу уақыт жағынан да, материалдық және моральдық тұрғыдан да тиімді екенін тәжірибе көрсетіп отыр.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЫЛЫСЫ

ҚҰРЫҚ

Жылдан жылға мал жұрлығының ұлғаюына байланысты қыммыстық заңнамаға өзгеріс енгізіліп, жаза қатаңдатылды.

Республика мен Батыс Қазақстан облысын айтпағанда, біздің шағын ауданның өзінде мал ұрлығының жыл сайын көбейіп келе жатқанын анық байқауға болады. Мысалы, 2021 жылдың күзінде Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек аудандық сотымен ҚК-тің 188-1-бабының 3-бөлігінің 1, 2-тармақтарымен, 188-бабының 2-бөлігінің 3-тармағымен А. есімді азамат 6 жылға, оның баласы А. және жиені Р., соңғы екеуінің досы Ж. 188-1-бабының 3-тармағының 2-бөлігімен әрқайсысы 3 жылға бас бостандығынан айыру жазаларына сотталып кетті. Бұларды автокөлікпен тасып, мал ұрлығын қай жерден жасауға мүмкіншіліктері бар екендігін көрсетіп

БІЛГЕН ЖӨН

НЕКЕ БҰЗУ ЖӨНІНДЕ ТАЛАПТЫ БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ

Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талап арыз АПК-нің 148-бабының талабына сай келуге тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік баж салығын төлеу туралы түбіртек қоса беріледі. Неке бұзылып мүлікті бөлу кезінде баж жеке тұлғалар үшін талап қою құнынан – талап қою сомасының 1 пайызы мөлшерінде айқындалады. Арызға неке (ерлі-зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасы, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері, еңбекақы және ерлі-зайыптылардың кіріс әкелетін басқа да табыс көздері туралы құжаттар, басқа да қажетті құжаттар қоса тіркеледі. Талап қою арызды электрондық форматта берілген кезде неке кию туралы куәліктің түпнұсқасы сотқа талап қою арызды соттың іс жүргізуіне қабылданғанға дейін ұсынылуы тиіс. Түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда арыз қайтарылады.

Талапкердің қолында кәметке толмаған баласы болса онда талап арыз талапкердің тұратын жерінде берілуі мүмкін. Соттар некені бұзу туралы істі, әдетте, ерлі-зайыптылардың екеуінің қатысуымен қарауға тиіс. Сонымен бірге, тараптардың өзара қатынастарын, некені бұзу туралы мәселенің себептерін анықтау қажет.

Сонымен бірге, аталған жағдайларда ерлі-зайыптылардың уақытша алауыздықтары және араларындағы кездейсоқ себептермен туындаған жанжалдары, сондай-ақ, салмақты дәлелдермен расталмаған олардың біреуінің немесе екеуінің де некені (ерлі-зайыптылықты) жалғастыруға ниеттерінің болмауы некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға жеткілікті негіз болып саналмайды. Сот тек қана ерлі-зайыптылардың бұдан әрі бірге өмір сүріп, отбасын сақтау мүмкін болмаған жағдайда ғана, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жөніндегі талапты қанағаттандыруға құқылы.

Неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылуы кезінде ер-

КӨКЖИЕК

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН ЦИФРЛАНДЫРУ – ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМ

Цифрландыру – барлық саладағы жаппай бюрократияны жоюды көздегітін ілгері қадам.

Биылғы жылдың наурыз айынан бастап Қазақстанның электронды үкімет порталында жекеменшік тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алуға кезекке тұру қызметі іске қосылды. Ел азаматтары жеке тұрғын үй салуға арналған жер учаскесін алуға кезекке тұрып, оның қозғалысын онлайн бақылай алады. Бұл қызмет іске қосылғаннан-ақ жер учаскесін алуға өтініш берушілер қатары күн санап артып келеді.

Бұған дейін тұрғын үй салуға арналған мемлекеттен берілетін жерді алу үшін тұрғындар жергілікті әкімдікке баруға мәжбүр болатын. Оның үстіне жер кезегінде нешінші болып тұрғанын білу де біраз кедергілерге әкелетін. Жаңа жүйенің арқасында eGov-порталындағы жаңа функцияның қосылуы істі жеңілдетіп, үйден шықпай-ақ бар ақпаратты алуға мүмкіндік сыйлайды. Сондай-ақ, eGov.kz порталы арқылы кезектің жылжу барысын әр азамат өз бетінше бақылап, жер кезегіне бұдан бұрын берілген өтініштің деректерін өзектендіре алады.

ҚР Жер кодексінің 50-бабында көрсетілгендей, жер учаскелері ҚР азаматтарына жекеменшікке, оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін 0,10 гектар (10 сотық) мөлшерде тегін беріледі. Жер учаскесі өзге жылжымайтын мүліктің барына қарамастан беріледі. Ендігі уақытта әрбір қазақстандық

ОҢАЙ ОЛЖА ОРҒА ЖЫҚТЫ

берген, М. есімді азаматтың әрекеттері 28-баптың 5-бөлігі (қылмыс жасауға жәрдемдесу) арқылы 188-1-бабының 2-бөлігінің 1-тармағымен дәрежеленіп, ол 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырылды.

Бұл көрсетілген адамдардың бірде-біреуі бұрын сотталмағандар. Топ болып келісіп, ұрлық жасағанда жеке қожалықтың мал қорасынан 3 бас бұзау ұрлап әкеліп, сатып жіберген бойда полиция қызметкерлері ұстаған.

Бұдан басқа, сотталған азамат А. ұсталғанға дейін Сырым ауданында орналасқан елді мекенге барып, шідерлеулі жүрген екі бас жылқыны түнде ұрлап, біреуіне жайдақ мініп, екіншісін мінген атының құрығына жылбырмен байлап, Бәйтерек ауданына қарасты Трекино ауылының маңындағы саябақтағы танысына түнделетіп алып барып, тығып қойған. Содан кейін, арада бір-екі күн салып белгісіз сыбайласта-

рымен жылқыны сойып, сатып жіберген. Бұл әрекеттерін басқа А. есімді азаматтың 2018 жылдың қарашасында Орал қаласында орналасқан «Ел ырысы» сауда орталығында қымзы сату үшін әкеліп қойған жылқылардың ішінен таңдап, түнгі мезгілде бір бас биені және Орлов тұқымды айғырды ұрлап кеткендігі анықталды. Ұрланған жылқыларды Бәйтерек ауданының Дариян ауылына апарып, өзінің танысы жоғарыда көрсетілген М. деген азаматқа биені сатып кеткен, ал айғырды өзі сойып сатып жіберген.

Сот жаза тағайындау барысында жасаған осы қылмыстарын ескере отырып, оған 6 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

А.ТЮЛЕГЕНОВ,
Бәйтерек аудандық соты
төрағасының міндетін атқарушы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



А.ШАРИПБАЕВ,
Қарағанды аудандық сотының судьясы

лі-зайыптылар кәметке толмаған балалары өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын күтіп бағуға қаражат төлеу тәртібі, осы қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісімді соттың қарауына ұсына алады.

Егер ерлі-зайыптылардың арасында мұндай келісім болмаса, сондай-ақ, бұл келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін бұзатыны анықталса, сот кәметке толмаған балалардың ата-анасының қайсысымен бірге тұратынын анықтауға міндетті.

Сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процесінің барлық сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Түсіндіру нәтижесінде тараптар өзара сыйластық пен түсіністікті сақтау негізінде отбасын сақтай отырып, туындаған жанжалды реттеу туралы сотқа дейінгі хаттамаға қол қоя алады. Осыған байланысты, дау соттың қатысуынсыз шешілген кезде талап арыз қайтарылуы, қараусыз қалдырылуы мүмкін.

Тіркеуші органдарда бұзылатын неке (ерлі-зайыптылық) азаматтық хал актілерін жазу кітабында некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуы мемлекеттік тіркелген күннен бастап, ал неке (ерлі-зайыптылық) сотта бұзылған кезде некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқтатылады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

ӘДЕП КОДЕКСІ – ЖАҢАШЫЛДЫҚ БАСТАМАСЫ

Қоғам дамыған сайын сол қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнама да қоғамның сұранысына сай жаңартылып отырады. Соның ішінде мемлекеттік қызмет жүйесінде пайда болған бірқатар сын-тегеуріндерді шешу Әдеп кодексінің жаңа редакциясын қабылдауға негіз болды.

Мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі және қызметтік әдеп мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру мақсатында ҚР Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен ҚР Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің жаңа редакциясында бекітілген болатын.

Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметтің қоғамдағы орны, мемлекеттік қызметшілердің келбеті мен қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен мемлекеттік институттарға деген сенімін ұлғайту қажеттігі көрініс тапқан.

Жаңа редакцияда кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметшінің әдептік қағида» деп аталатын тарау енгізіліп отыр. Аталған тарау аясында мемлекеттік қызметшілердің әдептік қағидағдары айқындалды.

Олар – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыйпайлық және клиентке бағдарланушылық. Айта кету керек, мемлекеттік қызметшілерге мұндай талаптар бұрынғы кодексте де қойылған. Алайда, кодекстің жаңа редакциясында ашықтық және клиентке бағдарлану қағидағдарын сақтау талаптарына басымдылық берілген.

Бұл ретте клиентке бағдарлану қағидағдары мемлекеттік қызметтердің негізгі тұтынушысы болып табылатын халықпен кері байланысты жақсартуды, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруды, өтініштерді қарау барысында артық қағазбастылық пен әуре-сарсаңға салуға жол бермеуді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыруды көздейді.

Жаңа әдеп кодексі – мемлекеттік қызметшілердің жаңа келбетін қалыптастырады.

Жандос ТҮРСЫН,
Шығыс Қазақстан облысы бойынша Соттар әкімшісінің
талдау және жоспарлау бөлімінің бас маманы

Айнаш ЕСЕКЕЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультеті Кеден, қаржы және
экологиялық құқық кафедрасының
аға оқытушысы

ДЕНСАУЛЫҚ

ПСИХИАТРИЯЛЫҚ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қамаудағы адамдарға қатысты сот психолого – психиатриялық сараптамасы (әрі қарай – сараптама) аталған адамдардың орналасқан жерінде, сондай-ақ, зерттеу жүргізуге қажетті жағдайлар болғанда, сот сарапшының кабинетінде жүргізіледі.

1. Сараптама амбулаториялық және стационарлық жағдайларда жүргізеді. Егер, сарапшылар амбулаториялық жағдайларда сот психолого-психиатриялық сараптама жүргізудің нәтижесінде барынша ұзақ және егжей-тегжейлі бақылау қажеттілігінен қойылған сұрақтарға жауап бере алмаса, олар сот психолого-психиатриялық сараптаманы стационарлық жағдайларда өткізу туралы ұсыныстар береді.

2. Сот психолого-психиатриялық сараптамасын жүргізу кезінде сот сараптамасының объектісі – адамның психикалық күйін өзгертуге душар етуі мүмкін үшінші тұлғалардың қауіпсіздігіне қатысуына жол берілмейді.

3. Сот психиатриялық сараптамасын комиссиялық түрде, кемі екі сот психиатриялық сарапшы жүргізеді, ал адамның есі дұрыстығы туралы мәселе бойынша сот психолого-психиатриялық сараптамасын жүргізу үшін құрамында кемі үш сот психиатриялық сарапшысы бар комиссия немесе кешенді сот психолого-психиатриялық сарапшы тағайындалады.

4. Сот психолого-психиатриялық

сараптамасын жүргізу кезінде, егер сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген бір сұрақтар бойынша сот сарапшылары қорытынды беріп, ал екінші сұрақтар бойынша қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама жасауға негіз бар болса, онда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте уақытша психикалық бұзушылықтан шыққанға дейін емдеу жүргізу және кейіннен сарапшылық сұрақтарды шешу үшін сот психолого-психиатриялық сараптамасын жүргізу туралы ұсыныстар бере отырып, олар бірыңғай құжат – сот психолого-психиатриялық сарапшысының қорытындысын жасайды.

5. Сарапшылардың қорытындысында анамнестикалық мәліметтер өткеннен қазіргі уақытқа дейінгі хронологиялық жүйелілікпен жиналады. Анамнестикалық мәліметтердің сұлбасы туғаннан бастап сот психолого-психиатриялық сараптаманы жүргізуді бастаған мезетке дейінгі өмірдің оқиғаларын көрсетеді және оған еңбек, отбасылық, сексуалды, неке, әлеуметтік (соның ішінде, криминалды) анамнез кіреді. Сондықтан, мінез-құлықтың ерекшеліктерін байқап немесе бұл туралы айыпталушының туыстары мен достарынан біліп, тергеуші туыстарынан балалық шақ, даму, мектептегі үлгерім, қызығушылықтар, хобби

және айыпталушының жеке басының ерекшеліктерін көрсететін басқа да көріністер туралы егжей-тегжейлі сұрауы керек. Бұл ақпарат объективті материалдармен расталуы керек. Отбасылық қатынастар, неке жағдайы туралы ақпарат белгілі бір мәнге ие. Куәгерлерден алкоголь мен есірткіні қолдану, психиатриялық мекемелерде емделу туралы мәліметтерді анықтау қажет, өйткені айыпталушының өзі бұл жағдайларды жасыруы мүмкін.

6. Анамнестикалық мәліметтер сипаттамасы мыналарға бағытталады:

1) туындау уақытын, кейінде қиындауын немесе сот психолого-психиатриялық сараптама тағайындалған адам өмірінің әр түрлі жақтарына (қай уақыттан бері психикалық бұзушылықтан (аурумен) зарлап шегеді, бүкіл өміріндегі динамикада психикалық бұзушылық (ауру) клиникасының өзгеруі, олардың қиындауы, тереңдеуі не жеңілдеуі, уақытша жоғалтқан қызметтің қалпына келуі);

2) ауырғанға дейінгі жеке бастың ерекшеліктерін және ауру кезінде болған мінез-құлықтың өзгерістерді анықтау;

3) әр түрлі тұрмыстық жағдайларға, атап айтқанда, психикалық жаракаттарға мән беру ерекшеліктерін анықтау;

4) тек бастан өткізген соматикалық ауруларды ғана емес, сонымен бірге экзогендік келеңсіз факторларды (бас сүйек-ми жаракаттары, психобел-

сенді заттарды қолдану), сондай-ақ, олардың психикалық күйге қандай әсер еткенін анықтау;

5) қиын жас кезеңдерінің (пубертаттық, инволюциялық) ерекшеліктерін анықтау;

6) бұрын психотроптық препараттармен емделу жағдайында терапевтикалық анамнезді жинау;

7) Сот психолого-психиатриялық сарапшылардың алдына қойылған сұрақтар ауқымында сот психолого-психиатриялық сараптаманы тағайындаған орган (тұлға) мүдделі уақыт кезеңіндегі психикалық күй мен мінез-құлықтың ерекшеліктері туралы деректер.

8. Қорытынды беру үшін мәні бар қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер материалдарынан алынған деректер, том нөмірлері мен іс беттері көрсетіле отырып келтіріледі.

Сот сарапшыларының алдына қойылған сұрақтарға нақты жауаптары бар тұжырымдар бөлек құрастырылады.

Альмира УЗАКОВА,
Түркістан облысы бойынша сот сараптамалары институтының аға сарапшысы, психолог
Нартай НУРШЕЙСОВ,
Түркістан облысы бойынша сот сараптамалары институтының сот-психиатриялық сарапшысы, дәрігер

Безгек ауруының алдын алу және күресу жолдары



Безгек – масалардың шағуы арқылы берілетін паразитарлық ауру. Бұл аурудың таралу механизмі Anopheles тобына жататын масалар. Масының шағуы арқылы ағзаға енген кейін паразиттер айналымдағы қаннан бір сағат ішінде жойылып, бауырға жиналады. Бірнеше күннен кейін жұқтырған қызыл қан жасушалары бауырдан ағып, басқа эритроциттерді зақымдайды.

Клиникасында ұстамалы қызба, гипохромды анемия, көкбауыр мен бауырдың өсуі, көздің, терінің сарғайуы, жалпы әлсіздік болады. Безгекті өздігінен емдеуге болмайды. Аурудың клиникалық белгілері болса немесе оған сезіктенген жағдайда дереу дәрігерге қаралып, қанды тексерту қажет. Аурудан емделіп, сауыққан адамды шаққан маса басқаға ауруды таратпайды.

Безгек ыстық жаңбырлы маусымдарда жиі кездеседі. Аурудан сақтану үшін өзіңізді шыбын-шіркей, масадан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерге немесе масаханада ұйықтағаныңыз абзал. Үй ішінде масалар болмауы үшін, есік терезелерді тормен жабыңыз. Масалар ластанған су және оның айналасында, тоғандарда тез көбейеді. Сол себепті тоғандардың, шұңқырлардың, ластанған су жинайтын қалатын көлшіктердің пайда болуының алдын алыңыз.

Безгек ауруының алдын алу мақсатында 2022 жылы Түркістан облысы бойынша безгек ауруына қарсы Мақтарал, Жетісай, Шардара, Сауран аудандарының қолысыз 17 елді мекендеріндегі анофелогендік су айдындарында эпидемиологиялық маусымда 2 реттен залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Залалсыздандырудың 1-кезеңі 16-20 мамыр аралығында, 2-кезеңі 20-24 маусым аралығында жүргізу жоспарланған.

А.ҚУЛМУРЗАЕВА
ҚР ДСМ СЭБК «УСО» ШЖК РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының Кентау қаласындағы дезинфекциялық секторының нұсқаушы –дезинфекторы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Display Engineering Productions» (Дисплей Инжиниринг Продакшн) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 101140007985, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би көшесі, 189 Д үйі, 503 кенсе, пошталық индексі 050009, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би көшесі, 189 Д үйі, 503 кенсе, пошталық индексі 050009. Тел.: +77014971759, +77017598999.

4. «K&N MARKET» ЖШС, БСН 171040016498, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Қараменде би көшесі, 72 үйі, 16 пәтер. Тел.: 87079836970.

5. Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, 52, тел.: +77765084516 мекенжайында орналасқан «Таис ломбард» ЖШС, БСН 081240003543, ломбард ретінде қызметінің ерікті түрде тоқтатылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 60 күннің ішінде қабылданады.

7. Жанаөзен қаласындағы «ЭкспертМунайГаз» ЖШС-нің филиалы (БСН 190741018149), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Жанаөзен қаласы, «Өркен» шағынауданы, 54 үйі, 85 кенсе. Тел.: 87010707677.

10. «Сауда-Капитал-2004» ЖШС (БСН 040440014040) өз еркімен таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қаласы, Достық даңғылы, 91/2 мекенжайы бойынша қабылданады. Телефон: 87011119765.

11. «Almatech Intro» ЖШС (БСН 180540016752) өз еркімен таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221 мекенжайы бойынша қабылданады. Телефон: 87011119765.

12. «Қазақстандық сурдо-пара тэквондо (WT) федерациясы» қоғамдық бірлестігі, БСН 190840024667, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Тұран даңғылы, 18, блок Б, 707 кенсе. Тел.: 87024012898.

13. «Батыс Қазақстан облысы бойынша Ұлттық оқу-клиникалық орталығы» ЖШС, БСН 171140022397, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 59 үйі.

14. «Курорт-Жайлау» үй-жай иелерінің кооперативі, БСН 120240017698, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Мирас» шағынауданы, 188/2 үйі.

15. «ПромСервис - АСТОРИ» ЖШС (БСН 21124000687) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру

жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 156 б үйі.

16. «PRЕиущество» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 191140017979, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 158 үйі, 64 пәтер.

18. «Ау-кегім» ЖШС, БИН 190940002739, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Нұсіпбеков көшесі, 198 үйі. Тел.: 87026728667.

19. «Бірлік-Дос» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 160440002804, өзінің қызметінің тоқтатылғанын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Мекенжай: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қожақент ауылы, Арапбек Абиес көшесі, 51 үйі. Тел.: 87023888714.

20. «INKAR LLP» ЖШС, БСН 180440000900, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, «Арай» шағынауданы, Ибаш Жанболатова көшесі, 336 үйі. Тел.: 87427641988.

21. «BKF Group» ЖШС, БСН 170640019114, тіркелген мерзімі 17.06.2017 ж., өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 159 үйі. Тел.: +77018337741.

22. «АРМАН-777» кредиттік серіктестігі ЖШС, БСН 140340011033 (Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ы.Жақаев ауылы, Квартал 9 көшесі, 17 үйі), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сейтенов көшесі, 42 үйі. Тел.: 87752084849, 87768749585.

23. «АҚСУАТ-ЖОЛАУШЫЛАР» ЖШС, БСН 090140002283 (ҚР, ШҚО, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 1 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 291 үйі, 10 пәтер. Тел.: 87024491607.

25. «SpringFruit» ЖШС, БСН 130740004281 (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 105 үйі, 100 кенсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 18Б үйі, литер А. Тел.: 87086442176.

МҰРАҒЕРЛІК

26. 09.12.2021 ж. қайтыс болған Мординова Бахардың артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келу керек. Мекенжайы: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/2. Тел.: 87773677972.

ӨРТҮРА

6. «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 071040011961) оған «Агропарк «Ontustik» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қосу арқылы қайта құрылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 040909, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ ауылы, Ерлесов көшесі, 1 үй. Тел.: +7(727)3883925.

3. «Агропарк «Ontustik» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 071040013350) «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 071040011961) қосылу арқылы қайта құрылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 040909, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жалпақсай ауылы, Т.Тегіс көшесі, 1 үй. Тел.: +7(702)4660732.

8. «SATU CA» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексі 58-бабының 2-тармағына және 73-бабының 1-тармағына сәйкес, 2022 жылдың 20 мамырынан бастап Бірыңғай экологиялық порталда (Ecorportal.kz), 5 жұмыс күні ішінде «Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/11 мекенжайында орналасқан көрме павильондарының ғимараттары мен құрылыстарының реконструкциялау» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» жобасы бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

9. Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 05.05.2022 жылғы ұйғарымымен «Т.М.М. Береке» ЖШС (БСН 050640006792) оналту рәсімін қолдану туралы өтініші өндіріске қабылданды. Кредиторлар талаптарын Шымкент қаласы, «Нұрсат» ықшамауданы, 140 үйі, 18 пәтер мекенжайы бойынша және тел: 8-705-705-03-03, эл. пошта: madiyar_musaev@mail.ru арқылы қабылдауды уақытша әкімші М.Б. Мұсаев жүзеге асырады.

17. «Алтайстрой» ЖШС, БСН 930840000011 (ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Б.Рейша көшесі, 12/1) жалғыз қатысушы «Алтайстрой» ЖШС «Алтайстрой» ЖШС-нің бөлінуі түрінде қайта ұйымдастырылатыны және қайта ұйымдастыру арқылы «Жест» ЖШС-нің құрылуы (ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Б.Рейша көшесі, 12/1) туралы шешім (21.04.2022 ж. №19 шешім) қабылдады. «Алтайстрой» ЖШС-нің несиегерлерінің талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде (60 күннен көп емес) мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Б.Рейша көшесі, 12/1.

24. «Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 27.03.2009 ж. №5086-1900-КБ бекіткен және 17.05.2016 ж. №5086-1900-00, 12.12.2019 ж. №5086-1900-00 өзгерістер енгізген Жарғысын жарамсыз деп танылып, қолданыстан алынып тасталысы. 03.05.2022 ж. №5086-1900-КБ-нің жаңа редакциядағы Жарғысы қолданыста енгізілсін. Ұйымның логотипі өзгертілуіне байланысты қолданыстағы мөрлер жарамсыз деп танылып, ауыстырылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенті: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisuity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кенсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalyubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ai@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстого көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ша/а, Молодежный 3-үйі, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058417221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үйі, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үйі, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

– Шолпан Кәкімжанқызы, әңгімемізді «Еңбекті қорғау» терминінің өзінен бастасақ. Ол қандай салаларды біріктіреді және қандай міндеттерді шешеді?

– Қауіпсіз еңбек жағдайлары – адамның негізгі құқықтарының бірі және «лайықты еңбек» ұғымының ажырамас бөлігі. Халықаралық еңбек ұйымы еңбекті қорғауды, еңбек стандарттарын, әлеуметтік диалогты, қызметкерлердің осал санаттарын әлеуметтік қорғауды дамыта отырып, лайықты еңбек қағидаттарын қалыптастырады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын орындамау кәсіпорындардың экономикалық әл-ауқатына нұқсан келтіреді, оның тұрақты даму стратегиясына және жалпы алғанда ел экономикасына кері әсер етеді. Еңбекті қорғау сапасы, еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің жоғары деңгейі қызметкерге, жұмыс берушілерге және барлық деңгейдегі билік органдарына бірдей тиімді. Тек қауіпсіз еңбек қана лайықты жұмыс деп атауға лайық! Сондықтан, еңбекті қорғау еңбек міндеттерін орындау кезінде өндіріс процесінде жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбекке қабілеттілігі мен өмірін сақтауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті әрекеттерді жасау міндет.

– **Өзіңіз жетекшілік ететін Институт туралы аз-кем мағлұмат беріп кетсеңіз.**

– ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты әлемнің барлық дамыған елдерінде жұмыс істейтін және еңбекті қорғау саласында ғылыми қызметті жүзеге асыратын ғылыми институттардың жалғыз отандық аналогы болып табылады. Институт әлемдік үздік ұйымдастырушылық тәжірибе үлгісі бойынша құрылған. Біздің Институт ғылыми-техникалық қызметтің және базалық қаржыландырудың субъектісі болып табылады, еңбекті қорғау саласындағы ғылыми зерттеу бойынша көп жылдық тәжірибесі бар, 12 өңірлік филиалы тұрақты жұмыс істеуде. Оның базасында 15 ғалымнан тұратын Ғылыми кеңес ғылыми-зерттеу жұмыстардың орындалуын үйлестіріп келеді. Сондай-ақ, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Консультативтік-сараптамалық кеңесі, құрамында 22 мүшесі бар «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» жөніндегі техникалық комитет жұмыс істейді. Бұл құрылым еңбекті қорғау саласындағы стандарттаумен айналысады. Институт құрамында аккредиттелген өлшеу және бақылау зертханасы да ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

– **Зерттеудің негізгі бағыты қандай?**

– Қызметтің негізгі ғылыми бағыттары әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-э-

кономикалық, санитарлық-гигиеналық зерттеулер үш бағыт бойынша жүзеге асырылады. Әлеуметтік-құқықтық зерттеулер бөлімі – әлеуметтік-еңбек саласындағы нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдірумен, нормативтік саясат пен құқықтық нормалардың құжаттамасын әзірлеумен және ғылыми тұжырымдаумен айналысады. Экономикалық өлшемдер және статистика бөлімі еңбек жағдайын жақсартудың экономикалық құралдарын зерттеумен, өндірістік жарақаттану, кәсіптік аурудан келетін экономикалық шығында есептеп, статистикалық талдау жасайды. Биомониторинг және еңбек гигиенасы бөлімі өндірістік орта мен еңбек процесі факторларының әсерін бағалау әдістерін зерттеумен айналысады. Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мақсатында біздің институттың құрылымында үш орталық жұмыс істейді. Біздің Кәсіптік тәуекелдерді бағалау орталығы – еңбек жағдайларын бағалау және кәсіптік тәуекелдерді бағалау әдістерін әзірлеуді жүзеге асырады. Ал Кәсіби құзыреттер орталығы оқытудың инновациялық әдістерін қолдана отырып, 25-тен астам оқу бағдарламасы бойынша дайындықты жүзеге асырады. Нормалау және

Шолпан ӘБИКЕНОВА, Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтының бас директоры:

«ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ – БАРШАҒА ОРТАҚ ТАЛАП»

стандарттау орталығы нормативтік материалдарды әзірлеу бойынша жұмыс жасайды, сондай-ақ, кәсіпорында еңбекті қорғау жүйесін басқарумен айналысады. Қазіргі уақытта Институт серіктес жоғары оқу орындарының жетекші ғалымдарымен бірлесіп бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша екі ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асырады.

– **Кәсіптік тәуекелдерді бағалау және оларды жою бойынша шаралар жүргізіле ме?**

– Еңбек кодексінің 82-бабының 2-тармағына сәйкес, жұмыс беруші кәсіптік тәуекелді бағалауды және профилактика жүргізу, өндірістік жабдыктар мен технологиялық процестерді неғұрлым қауіпсіз жабдыктарға ауыстыру жолымен оны барынша азайту және алып тастау жөнінде шаралар қабылдауға міндетті. Осы норманы іске асырудағы жұмыс беруші әрекеттерінің дәйекті алгоритмі мынандай: біріншіден, кәсіптік тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау. Екіншіден, технология мен жабдықтың қауіптілігі

төмен және зиянды нұсқаларын таңдау арқылы кәсіптік тәуекелді төмендету немесе жою бойынша түзету шараларын жүргізу. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру еңбек жағдайларын жақсартудағы және әлеуетін толық пайдаланудағы экономикалық құрал болып табылады. Сақтандыру ұйымдары кез келген кәсіпорынның әр мамандығы үшін кәсіптік тәуекелдің индикаторын анықтауы керек. Осылайша, сақтандырудың сараланған тарифін белгілеу жұмыс берушілердің еңбек жағдайларын жақсартуға ынталандыруға оң әсер ете алады. Сондай-ақ, бұл жұмыс берушінің мүдделері (сақтандыру тарифін төмендетуге мүдделі), қызметкердің мүдделері (еңбекке қабілеттілікті сақтауға мүдделі), сақтандыру ұйымының мүдделері (сақтандыру төлемдерін төмендету) арасындағы өзара байланысты күшейтуге әкеледі.

– **Қазақстандағы өндірістік жарақат пен кәсіби сырқаттың статистикасы қандай?**

– Соңғы жылдары Қазақстан қауіпсіз еңбек индикаторларының бірі

ретінде өндірістік жарақаттану деңгейін (бұдан әрі – ӨЖ) төмендетуде, оның көлемін (100 мың жұмысшыға) 2010 жылғы 0,67-ден 2021 жылы 0,23-ке дейін азайта отырып, елеулі табысқа қолжеткізді. Дегенмен, ӨЖ салдарынан болатын өлім-жітім әлі де өзекті мәселе болып отыр. 2011 жылдан бастап Қазақстанда өндірістік жарақаттың тұрақты төмендеуі байқалады. Алайда, ресми статистика көп жағдайда шынайы есеппен сәйкес келе бермейді. Осы ретте өндірістік жарақатты жасыру, ресми жұмысқа орналаспаған (зансыз жұмыс істейтін) қызметкерлердің өндірістегі жазатайым оқиғалары, әдетте, зерттелмейтін және тіркелмейтін ескерген жөн. Тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік, ауыл шаруашылығы және т. б. сияқты жарақатқа қауіпті салалардың статистикадағы үлесі жоғары болып калуға.

– **Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнін институт қалай атап өтеді?**

– Алғаш рет 2003 жылы 28 сәуірде атап өтілген Дүниежүзілік еңбекті

қорғау күні еңбекті қорғау, өндірістік жарақат пен кәсіптік ауруға қатысты проблемаларға және өндірістегі өлімнің көбеюіне қоғамның назарын аударуды көздейді. Бұл күні әлемнің барлық дерлік өңірлерінде үкімет, кәсіподақ ұйымдары, жұмыс берушілер ұйымы және еңбекті қорғау саласындағы практик-мамандар өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алудың маңыздылығын атап өтіп, әлеуметтік диалогтың күшті жақтарын көрсете отырып, Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналған іс-шараларды бірлесіп ұйымдастырып келеді. Айта кету керек, 1996 жылдан бастап 28 сәуір – бүкіл әлемде қаза тапқан және жараланған жұмысшыларды еске алудың халықаралық күні.

Жұмыс орнында қайтыс болғандарды есте ұстап, адам өмірін жоғалтпау үшін қауіпсіздікке байланысты бәрін жасау – міндет. Ол үшін әркім өз рөлі мен үлесін түсінуі керек. Біздің әрқайсымыз жұмыс орнында жарақат пен аурудың алдын алуға жауаптымыз. Үкімет нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық инфрақұрылымды қамтамасыз етуге жауап береді. Жұмыс берушілер қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын қамтамасыз

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,

«Заң газеті»

МІНБЕР

Бүгінде заң саласы мен сот жүйесінің жұмысы уақыт талабымен үндесе дамып жатыр. Әсіресе, талай жылдан бері айтылып жүрген әкімшілік әділет институты жанданып, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) қолданысқа енгізілуі, сондай-ақ, мамандандырылған әкімшілік соттардың құрылуы айрықша жаңалық болды.

ӘРПК-да белгіленген тәртіппен әрбір азамат өзінің заңды мүддесін қорғауға құқылы. Мысалы, азаматтар әкімшілік органдардың шешімімен келіспей, екі ортада жария-құқыққа қатысты дау туындауы мүмкін. Сондай кезде олар мамандандырылған әкімшілік соттарға талап қоюмен жүгіне алады. Бұл тұрғыда алдымен әкімшілік акт ұғымын түсіндіріп өтсек, ол жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе топтың заңмен белгіленген құқығы мен міндетін іске асыратын шешімді білдіреді. Әкімшілік акт қолайлы және ауыртпалық түсіретін болып екі түрге бөлінген.

ӘКІМШІЛІК АКТІНІ ОРЫНДАУ МІНДЕТ

Бұлар жазбаша, ауызша немесе басқа түрде де қабылданады әрі заңды және негізді болуы керек. Заңсыз және заңды әкімшілік актілердің толық немесе бір бөлігінде күшін жою тәртібі ӘРПК-нің 84 және 85-баптарында анықталған.

Кімге болса да әкімшілік актіні орындау міндет. Ел заңында өзгеше белгіленбесе, ол бес жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс. Енді, осы кодекстің 12-тарауын тарқата айтсақ, оңайлатылған әкімшілік рәсімді мемлекеттік, сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға мен олардың лауазымды адамдары жүзеге асырады. Яғни, хабарлама, ұсыныс, үн қосу және сұрау салулар оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен қаралады. Мысалы, әкімшілік рәсімге қатысушылардың заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдар жұмысын жетілдіріп, қызмет салаларын жақсарту жайлы ұсынымдары болады. Олар мемлекеттік саясат пен қоғамдық сипаттағы оқиғаларға көзқарастарын үн қосу арқылы білдіре алады. Мемлекеттік органдар мен лауазымды және заңды тұлғалар жұмысындағы кемшіліктер мен заң бұзушылықтарды хабарлама-

мен хабарлайды. Рәсімге қатысушы жеке немесе қоғамдық қызғышлық туғызатын мәселелерге қатысты ақпараттарды алуға сұрау салу арқылы өтініш береді. Оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату заңмен қарастырылған. Оның тоқтатылуына қайталап берілген хабарлама, ұсыныс, үн қосу, сұрау салуларда жаңа дәлелдер немесе жаңадан ашылған мән-жайлардың толық келісімі мен арыз иесіне жауап беріліп қоюы негіз болады. Арыз иесінің өзі туралы мәліметтерді толық көрсетпеуі, мәселенің мәнін түсінікті баяндамауы да оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтатады. Бұл үшін хабарлама, ұсыныс, үн қосу мен сұрау салуды қарайтын орган басшысы немесе оның орынбасары оңайлатылған әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешім қабылдайды. Ондай шешімге ӘРПК-да белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

Оңайлатылған тәртіппен қаралған әкімшілік істе хабардың, ұсыныстың және үн қосудың, сұрау салу бойынша ақпарат беру, назарға алу, әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімдердің бірі шығарылады. Осы шешімдерге берілетін жауаптарда заңдардың сілтемесі, мемлекеттік немесе өтініш

жазылған тілде уәждеу, қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріледі. Бұған қоса арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілер қамтылады. Оңайлатылған әкімшілік рәсімді қарайтын органдар мен лауазымды адамдар арыз иесіне әкімшілік істі қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабарлауы керек.

Құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен елімізде заң үстемдігін нығайту қашан да маңызды. Сондықтан, мемлекеттік басқару органдарына, лауазымды адамдарға құқықтық салдар туғызатын әкімшілік актілер шығару құқығы берілумен қатар, тиісті рәсімдер аясында әрекет ету, заңсыз әрекеттер үшін жауап беру және осындай әрекеттерден келтірілген залалды өтеу міндеттері де жүктелген. Бұл нормалар ӘРПК-да азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын, заңды мүддесін қорғаудың ерекше тетіктері заңдастырылғанын көрсетеді.

Б.САТИБЕВА,
Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана
Тапсырыс №62 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б». «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31